



МЕМЛЕКЕТТІК
ТІЛДІ БІЛМЕСЕҢ –
ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТЫ
ЕМЕССИҢ! ЖАҢА ЗАҢ
ҚАБЫЛДАНАДЫ!

7-бет



ҚОС ҒҰЛАМА –
АХМЕТ пен
ҚАНЫШ ӨМІРДЕ
КЕЗДЕСКЕН БЕ?..

6-бет



ҚОШ БОЛ,
ҚАЗАҚ
САТИРАСЫНЫҢ
САРДАРЫ!

14-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№46 (1021) 14.11.2022 жыл

«АЖДАҢА КӘСІПОРЫН»

ҚАШАҢҒА ДЕЙІН АДАМДАРЫМЫЗДЫ ЖАЛМАЙДЫ?

«АРСЕЛОРМИТТАЛТЕМІРТАУ» МӘСЕЛЕСІН МАЙШАММЕН ҚАРАЙТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ



АҚИЫҚ АҚЫН ҚАЛИЖАН

«Сынықтан басқаның бәрі
жуғады» деп қазақем тектен текке
айтпаған.

Мен сөз еткелі отырған қазақ
поэзиясының қабырғалы ақыны
Қалижан Бекхожинның өмір жолы
да осыған куә іспетті.
Оның бақытына орай әкесі
Нұрғожа Бекқожаұлы арабша оқи
да, жаза да білетін.

8-9
бет



Тағы да апат! Тағы да
адам өлімі... Жақында
ғана Қарағанды
облысындағы
«АрселорМитталТеміртау»
компаниясына қарасты
Шахтинск қаласындағы В.
Ленин атындағы кеніште
орасан жарылыс болып,
5 кенші қаза тауып, 4
жұмысшы зардап шекті.
Ай-күннің аманында,
атыс-соғыссыз бейбіт
күнде қаншама еңбек
адамдарының өмірі
қиылды. Қаншама жесір
жылап, қаншама сәбилер
асыраушысы әкелерінен
айырылып жетім қалды...
Бұл қашанға дейін
жалғасады? Алпауыт
кәсіпорынның қазіргі
иесі, қазақ байлығын
сүліктей сорып жатқан
үндіс миллиардер Лакшми
Митталға отыз жылдан аса
егеменді елді басқарып
отырған үкіметте
«әй!» дейтін адамның
табылмағаны ма?..

3
бет


ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛМЕЙТІН ҚАЗАҚТАР ҚАЗАҚ ТІЛІН ӨЛТІРУГЕ ҰМТЫЛЫП ЖАТҚАНДАР!

Тіл өлді деген осы! Алеут тілін өлтірген жалғыз сол тілді білетін, таяуда өмірден
өткен Геннадий Яковлев ақсақал емес – ана тілін білмейтін тексіз Алеуттер!
Біздің Қазақ тілін білмейтін, балаларына Қазақ тілін үйретпейтін Қазақтар да,
Қазақ тілін өлтіруге ұмтылып жатқандар!
ТІЛ ӨЛСЕ, ҰЛТ ӨЛЕДІ!

7
бет

ЕДЫГЕ ТУРСУНОВ – УЧЕНЫЙ, ВЕРНУВШИЙ НАРОДУ ГЕНЕАЛОГИЧЕСКУЮ ПАМЯТЬ

В этом году научная общественность республики отметила 80-летие выдаю-
щегося казахского фольклориста, этнографа и эпосоведа, доктора филоло-
гических наук Турсунова Едыге Даригуловича (10.08.1942 – 24.12.2016).
Его труды получили признание не только в СССР, но и за рубежом, и вошли в
классику казахской и мировой науки о фольклоре еще при жизни автора.



10
бет



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҮШІН ҚАЗЕКЕҢНЕН АРТЫҚ АЙҚАСЫП ЖҮРГЕН ДЕПУТАТ ЖОҚ

5
бет

РАҚЫМШЫЛЫҚ ШАРАСЫ ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА

Мемлекет басшысының қабылдауында болған Бас прокурор Берік Асыллов Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі, сондай-ақ прокуратура органдарының өткен кезеңдегі жұмыстарының қорытындысы туралы мәлімет берді.

Берік Асыллов мемлекет басшысына «Қаңтар оқиғасы» бойынша жүргізіліп жатқан тергеу амалдары мен оған қатысқан адамдарға рақымшылық жасау мәселелері прокуратураның ерекше бақылауында тұрғанын баяндады. Сондай-ақ, ол Президентке қылмыстық салада 1,8 мыңнан астам тұлғаның конституциялық құқығы қорғалғаны жөнінде айтты. Прокурорлардың наразылығы бойынша 866 үкім жойылып, өзгертілген. 183 сотталушының жағдайы жақсартылып, 20 адам ақталған. Бизнесті қорғау саласында 145 мың кәсіпкердің құқығы қалпына келтірілген. Берік



Асылловтың сөзінше, жер қойнауын пайдалану мен автомобиль жолдары салаларында жүйелі заң бұзу фактілері анықталған. Индустрия министрлігі кен өндіруге дайын тұрған 144 кен орнын барлауға келісімшарттар берген. Бұдан бөлек, жер қойнауын пайдаланушылар бюджетке міндетті 96 миллиард теңге төлемегені анықталған. Сонымен қатар, бас прокурор экономикалық ресурстарды заңсыз шоғырландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия жұмысының аясында

мемлекетке жылжымайтын мүлік объектілері, жер учаскелері және басқа да мүлік қайтарылғанын атап өткен. Прокурорлардың актілеріне сәйкес, құны 43 миллиард теңгені құрайтын заңсыз берілген және мақсатына пайдаланылмаған 7,3 миллион гектар жер мемлекетке қайтарылған. Соның ішінде, олигополия меншігіндегі құны 6 миллиард теңге болатын 140 мың гектар жер қайтарылған. Жуық арада олигополия субъектілерінің меншігінде болған 160 мың гектар жер қайтарылмақ.

Қ.ТОҚАЕВ пен Д.ҚҰДАЙБЕРГЕН ЕҢ ҰҚПАЛДЫ МҰСЫЛМАНДАР ҚАТАРЫНДА

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен отандық әнші Димаш Құдайберген әлемдегі ең ықпалды 500 мұсылманның жыл сайынғы тізіміне енді

Басылымда Тоқаевтың аты «саясат» бөлімінде, ал Димаштың есімі «өнер және мәдениет» бөлімінде көрсетілген. «Саясат» бөлімінде Қасым-Жомарт Тоқаев жайлы былай делінген: «Президент Тоқаев реформаларды бірте-бірте жүзеге асырып, елді демократиялық және транспарентті мемлекетке апара

жатыр. 2022 жылдың қаңтарында бірнеше зорлық-зомбылық ошақтары болды, бірақ маусымдағы референдум президентке реформаларды жалғастыру мандатын берді. Маңызды реформалардың қатарында президенттік басқаруды біртүрлі 7 жылдық мерзімге шектеу кіреді (бұрынғы президент 5 рет қайта сайланды) және елорданың бастапқы атауы Астананы қайтарды. 2019 жылы ол тұңғыш президенттің құрметіне Нұр-Сұлтан болып өзгертілген болатын», — делінген сайтта. Сонымен қатар, «Өнер және мәдениет» айдарында Димаш

Құдайбергеннің есімі шықты. «Бастан сопраноға дейінгі кең вокалды диапазон бар әнші, бірнеше әннің авторы және мультиинструменталист. Ол Қытайдағы танымал ән шоуына қатысқаннан кейін бір түнде сенсацияға айналды және содан бері үлкен атак-данққа ие. Қытайда, Ресейде, Дубайда және өзінің туған елі Қазақстанда ән айту бойынша ірі марапаттарды жеңіп алды. Ол өз елінде қайырымдылық жұмыстарымен танымал. Ал оның туған қаласы Ақтөбе жақында оның құрметіне мұражай ашылғанын жариялады», — деп жазды басылым.

АЗАМАТТЫҚ АЛУ ЗАҢЫ ҚАТАҢДАТЫЛАДЫ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов Парламент Сенаты отырысында Қазақстан азаматтығын алу тәртібін қатаңдататын нормаларға түсініктеме берді.

Әлихан Смайылов аталған нормалар үкіметпен келісу сатысында екенін айтты. «Біз бұл нормаларды қолдаймыз және оларды заңнамаға енгізу керек деп есептейміз. Көптеген елде азаматтық алу үшін елде мемлекеттік тілі мен тарихын білу керек, сондай-ақ тиісті емтихан тапсыру керек. Мысалы, Германия, Түркия, Канада, Ресей федерациясында осындай талаптар бар. Бұл талаптар азаматтық алған адамдардың қоғамға тез бейімделуіне себеп болады. Сондықтан мұндай емтиханды тапсыру керек деп санаймыз», — деді премьер-министр. Үкімет басшысының сөзінше, Қазақстан азаматтығын алғысы келетіндер осы талаптарға сай болуы керек. Бұл ретте Смайылов нормалар қабылданған жағдайда жекелеген санаттарға, оның

ішінде этникалық қазақтар мен көмелетке толмағандарға, сондай-ақ халықаралық шарттарға сәйкес жеңілдетілген түрде азаматтық алатын адамдарға қолданылмайтынын атап өтті. Соңғысы Қазақстан азаматтығын алғысы келетін адамның осында тұратын жақын туыстары немесе жұбайы қазақ немесе қазақстандық, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері болған жағдайларда қолданылады. «Олар азаматтықты жеңілдетілген түрде алады. Қытай жасаған адамдар азаматтық алуға өтініш бере алмайды. Заң жобасы жақын арада Парламентке жолданады», — деп түйіндеді сөзін Әлихан Смайылов. Айта кетейік, парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңға Қазақстан төлқұжатын алу талаптарын қатаңдататын түзетулер әзірлеген болатын. «Түзетулерге сәйкес, мемлекеттік тіл, тарих және ұлттық заңнама негіздерін білмеу азаматтық алу дан немесе оны қалпына келтіруден бас тартудың қосымша негіз ретінде қарастырылады», — деп атап өткен еді бұған дейін үкімет басшысы.

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ЖОЛ ЖҮРҮДІ ТОҚТАТПАЙДЫ, БІРАҚ...

Биыл елімізде пойыз билеті 20 пайызға қымбаттаған. Ең қымбат билет оңтүстік өңірлерде байқалған.

Қазақстандықтар үшін қала маңындағы пойыздарда жүру жылына 16 пайызға, резервтік вагондар 20 пайызға, күпе вагондарда жүру 17-18 пайызға қымбаттаған. Өңірлер бойынша ең қымбат билет — Шымкентте (жылына 56,3 пайыз), Жетісу (45 пайыз) мен Алматы (32,3 пайыз) облыстарында байқалған. Соған қарамастан жыл басынан бері пойызбен шамамен 15 миллион жолаушы қатынаған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 33 пайызға артық. Көбіне пойыз қызметін елорда тұрғындары пайдаланады екен. Одан кейінгі орында Ақтөбе және Қызылорда облыстары тұр. Ал Батыс Қазақстан облысының тұрғындары отарбаға сирек мінетін көрінеді. Бұл деректерге қарап пойыз билеттерінің қымбаттауы



жол жүруге кедергі болмаған деген ойға каласыз. Бірақ әрбір жолаушы еріккеннен жолға шықпасы белгілі. Өз алдына жеңіл-дара темір жол саласын иелігіне алған, қызметтің бұл түрін атқарып отырған монополистер халықтың да жағдайын ойлап, бағаны көтермей бұғаулап ұстағаны қарапайым адамдарға тиімді болар еді. Бағаның қол жетімді болуы жолаушылар санын көбейтіп, салаға мол кіріс түсіретінін түсіну қиын емес шығар...

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ЕМТИХАН ТАПСЫРУ МІНДЕТТЕЛЕДІ

Келесі оқу жылынан бастап елімізде 5-8, 10-сынып оқушылары қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырады. Мұндай өзгеріс келесі оқу жылынан бастап енгізіледі.

Ведомствоның мәліметінше, бұған дейін қазақ тілінен емтиханды тек 9 және 11-сынып оқушылары тапсыратын. Олар да осы пәннен емтихан тапсыруды жалғастырады. Министрлік хабарламасына сәйкес, қазақ тілінен емтихан жазбаша және ауызша түрде өтеді. Онда тыңдау, айту, оқу және жазу сияқты дағдылар бағаланады. Ведомство емтихан тапсырмаларын оқытушылар академиялық



адалдық қағидаттарын сақтай отырып өздері құрастыратынын атап өтті. Бұл пән бойынша қорытынды бағалар 5-8, 10-сыныптарда емтихан және жылдық бағалау қорытындылары бойынша қойылады.

«МАҒЖАН» СПЕКТАКЛІ САХНАҒА ШЫҒАДЫ

Түркістан музыкалық драма театрында «Мағжан» спектаклі қойылады. Жас драматург Алмас Нүсіптің ұлы ақын, ғалым, аудармашы, Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаев жайындағы еңбегі көрермен назарына ұсынылады.

Бұл туралы театр ұжымының журналистермен кездесуінде айтылды. Сахналық қойылымның идея авторы және көркемдік жетекшісі Айнұр Көпбасарованың айтуынша, көрермен спектакльден жас Мағжанның, өмірге ғашық ақынның, басын қатерге тіккен қайраткердің және қазақ халқының ауыр тағдырын көре алады. Қойылымды италиялық режиссер Давид Ливермор (Davide Livermore) сахналайды. Ал Мағжан бейнесін белгілі, талантты әртіс Еркебұлан Дайыров сомдайды. Мамандардың айтуынша, рөлдерде ойнайтын актерлердің дені жастар. Мағжанға сенеміз» идеясы Түркістан музыкалық драма театрының сахнасында жалғасын таппақ. «Осындай уақытта Мағжанды көбірек сахнағалау, оны жарнамалау, жастардың қызығушылығын тудыру, Мағжан атамның тек шығармашылығына емес, оның ел үшін қандай тірлікке араласа білді, қандай батырлыққа, қандай жанкештілікке бара білді, осындай дүниелерді де біз сахнадан көрсететін боламыз» — дейді Еркебұлан Дайыров.

ӨНДІРИСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК — БАСТЫ ТАЛАП

Қазақстанда өндірісте жарақаттануды азайту мақсатында еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғауды қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлерді даярлауға қойылатын талаптар күшейтілді, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитетінен.

Биыл қаңтар-қыркүйек айлары аралығында еліміздің кәсіпорындарында 999 адам зардап шексе, оның 134-і қайтыс болды. Көбінесе өндірістік жарақаттану мәселесін жұмысшыларды қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау оқытудың сапасыз жүргізілуі ушықтырып жатады. Кәсіпорын басшылары көп жағдайда бұған салғырт қарайды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2015 жылы бекітілген Жұмысшыларды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері

бойынша оқыту, нұсқау беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Мысалға жалпы құзыреттер бойынша оқыту мен білімді тексеру бір рет және қайта тапсырусыз жүргізіледі. Арнайы кәсіптік құзыреттер үшін — экономикалық қызмет түрі мен еңбек жағдайларын ескере отырып, үш жылда бір рет өтетін болады. Емтихан кемінде 70% дұрыс жауап болған жағдайда тапсырылды деп есептеледі. Сонымен бірге қарапайым жұмысшылар жылына бір рет оқудан өтіп, білімін тексеруден өтетін нақтыланған. Сүрінген сәтте оларға қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі. Бірақ оған дейін олар жұмыстан уақытша шеттетілуі керек. Еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласындағы қызметкерлер бірінші рет өтпей қалса, сынақты қайта тапсыра алады. Алайда егер екінші талпыныс сәтсіз болса, онда жұмыс берушілерден оларды жұмыстан шеттетіп қана қоймай, орнынан босату талап етіледі.

Тағы да апат! Тағы да адам өлімі... Жақында ғана Қарағанды облысындағы «АрселорМитталТеміртау» компаниясына қарасты Шахтинск қаласындағы В. Ленин атындағы кеніште орасан жарылыс болып, 5 кенші қаза тауып, 4 жұмысшы зардап шекті. Ай-күннің аманында, атыс-соғыссыз бейбіт күнде қаншама еңбек адамдарының өмірі қиылды. Қаншама жесір жылап, қаншама сәбилер асыраушысы әкелерінен айырылып жетім қалды... Бұл қашанға дейін жалғасады? Алпауыт кәсіпорының қазіргі иесі, қазақ байлығын сүліктей сорып жатқан үндіс миллиардер Лакшми Митталға осы жылдан аса егеменді елді бақырып отырған үкіметте «әй!» дейтін адамның табылмағаны ма?..

Миттал иелік еткен кәсіпорындарда тек қана ресми деректер бойынша осы жылдарда барлығы жүзден аса адам қаза болған екен. Сондықтан да «АрселорМитталТеміртауды» «аждаһа кәсіпорын» деп атауға мәжбүрміз.

Кезінде аты жер жарған, алып кеңестік одақ бойынша алдыңғы қатарлы кәсіпорын саналған — Қарағанды металлургия комбинатының бүгінгі күйін ешкімнің басына бермесін. Бұрындар омындаған адам табысты еңбек еткен атақты кәсіпорын бизнесмен Л. Митталдың қолына өткен күнен бастап тек қана қауіп-қатердің ордасына айналған. Жұмысшылардың жалақысы мардымсыз, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету ескерілмейді. Бірде өндірістің мұржасы, бірде ғимараттарының төбесі құлап, адамдарға қауіп төндірумен келеді. Уақытында айлап

дiрудiн жеткiзген жетiстiгi осы дер едiк алдымен. Жалғыз Қарағанды металлургия комбинаты емес, елiмiздегi көптеген iрi кәсiпорындар ұстағанның қолында, тiстегеннiн аузында кеткенi белгiлi. Ендi оларды халық меншiгiне қайтару да оңай емес. Дегенмен отыз жылдық ұйқыдан оянған елiмiзде «Елге қайтару» қоғамы құрылып, шетелге кеткен қаржылар мен шетелдiктерге берiлген iрi өндiрiс орындарын қайтару туралы қозғалыс басталған секiлдi. Осы қоғамның құрылуына байланысты өткiзiлген баспасөз мәслихатында бүгiнгi бiз сөз етiп отырған «АрселорМитталТемiртау» АҚ туралы да мәселе көтерiлдi. Саясаткер Болат Әбiлов пен қаржыгер Оразәлi Ержанов аталмыш комбинаттың су тегiнге кеткенi, турасын айтсақ, қалай қолды болғаны жайында айтып берген болатын. Олардың айтуынша 1990 жылдардың

жайында әлеуметтік желіде жазылып жүр. Үстінен пара алғаны былай тұрсын, пайданың тең жартысы Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі деген де ақпараттар бар. Оның өтірікшынның ажыратып жатқан ешкім жоқ. Бейбіт шеруге шыққан шалкемпірлер мен қыз-келіншектерді екі бүктеп автозакқа тығып, олардың ізін аңдығанша, осындай қаңқу сөздер көбеймес үшін біздің құзіретті орындар нақты жұмыс істеуге міндетті емес пе? Кәсіпорындарды сақтанда мемлекетке қанша зиян келтіргенін анықтап, кінәлі адамдарды заңды түрде жауапқа тартпай ма? Өкінішке орай, бізде осы күнге дейін заңмен жұмыс істейтін құқықтық орындар мен қара қылды қақа жаратын әділ сот атымен жоқ. Олар сол бұрынғы Н. Назарбаев қалыптастырған жүйенің жетегінде жүр. Шешім шығару үшін заң ережесіне емес, алдымен жоғары жақтағы билікке

шақыруын сұрағанын қайтерсіз. Олар кен орындарын өзінен тартып алмақшы деп арызданған болатын. Бұл туралы сол кезде мерзімдік басылымдар жазған-ды. Миллиардердің мемлекет басшысына бұлай арыздануына компанияның еңбек мүгедектерінің ереуілі түрткі болған. Мүгедек кеншілер заңды түрде берілуге тиісті сақтандыру төлемін талап етіп бас көтерген-ді. Ал «АрселорМитталТеміртау» өкілдері төлем жасаудан бас тартып, ақшаны «Альянс-Полис» компаниясының аудардык деп жалтарды. Сақтандыру компаниясы мүгедектерге тиын да төлемеген. Бұл дау-дамай бір жылға созылғанда Қарағанды облыстық соты «АрселорМитталТеміртау» компаниясы мүгедектердің төлемін төлеуге тиісті деп шешім шығарды. Бұдан кейін Қазақстанда өзіне ешкім қарсы келіп көрмеген үндістің өкпесі қара қазандай болған-ды. Айта кетелік, сол хатында Миттал әкімдікке деген өкпесін де жайып салған. Аймақтық әкімдіктен қысым көргенін, олар Митталдың 99 жылға жалға алған жер пайдалану мерзімін 49 жылға қысқартпақшы деп шағымданды. Ал шын мәнінде ол жерлер 99 жылға жалға берілген болса бұл үлкен қателік.

Сонымен жұмысшыларын зарлатқан атышулы «Арселор-МитталТеміртау» компаниясының өткеніне қысқаша ғана шолу жасап өттік. Енді «Адамдарымыздың өмірін жалмап жатқан кәсіпорын басшыларына нақты бір шара қолданылады ма? Бұл сұмдыққа тоқтау бола ма?» деген сұрақтың да қойылуы орынды.

Осы оқиғаға орай Мәжіліс депутаты Юрий Жулин ҚР премьер-министрі Әлихан Смайыловтың атына сауал жолдап, «Арселор МитталТеміртау» басшыларына қатаң шара қолдануды сұрады. Керек болса, жауапсыз кәсіпорын иесімен арадағы келісімшартты бұзу керектігін де айтты. Бұл компания қарамағындағы шахталар мен кәсіпорында жүзден аса адам қаза болғанын еске салып, мұндай қасіретті тоқтатудың шұғыл шараларын қолға алу керектігін талап етті. «Бұндай жағдай қашанға дейін жалғасады? Қашанға дейін еліміз қара жамылып, жұмыс орнында қайтыс болған адамдардың туған-туысқандарына көңіл айтпақшы? Қашанға дейін осы «АрселорМитталТеміртау» компаниясы мәселесіне қатысты қойылған депутаттық сауалдарға үкімет тарапынан нәтижесіз, қағаз жүзіндегі жалпылама жауап берілімекші?» деген сұрақтарын төтесінен қойды. Депутат осы жылдар бойы бұл атышулы компания жұмысшыларды қанап келгенін ала тартып, өзге елде мұндай жағдай орын алса келісімшартты бұзып инвесторды елден қуып шығатынын да айтты.

Ия, бір емес, екі емес, тұрақты түрде өндірісте адамдарымыздың қаза болуы жақсылықтың нышаны емес. Қайтыс болған кеншілердің балаларына тегін баспана мен миллиондап ақша бөлу олардың өкесін алмастыра алмайды. Біздің басты байлығымыз — өз адамдарымыз. Бұл туралы Атазаңымызда тайға таңба басқандай жазылған.

Қалай болғанда да адамдарымызға қаншама қасірет әкелген осы кеншілер жұмыссыз етекке келтіру қажет. Бұл билік басындағы азаматтардың құлағына «алтын сырға» деп түсініңіздер. Н. Назарбаев айтқандай, үкіметтегілерге «Металлургтер мен кеншілердің артында халық тұр!» дегіміз келеді. Халық өз өкілдерін қорғай алады, кейбіреулер секілді өз адамдарын алдамайды, сатпайды...

«АЖДАҒА КӘСІПОРЫН»

ҚАШАНҒА ДЕЙІН АДАМДАРЫМЫЗДЫ ЖАЛМАЙДЫ?

«АРСЕЛОРМИТТАЛТЕМІРТАУ» МӘСЕЛЕСІН МАЙШАММЕН ҚАРАЙТЫН УАҚЫТ ЖЕТТИ

1964 жылы пайдалануға берілген бұл шахтада мұндай қайғылы жағдай жиі орын алып келеді. Деректерге қарасак, 1978 жылы болған алғашқы апатта 4 жұмысшы қайтыс болыпты. 1985 жылы — 2 адам қаза тапты, 1995 жылы — 2 адам жаракат алып, 13 адам қаза тапқан. 1998 жылы — 1 адам, 1999 жылы — 3 жұмысшы көз жұмып, 2 адам зардап шеккен. Ал, 2006 жылы орын алған апат салдарынан 41 адам қаза тапты. Бұл бір ғана шахтаға қатысты жарияланған мәліметтер, оны төтеншеліктердің төресі Юрий Ильиннің өзі апат орнына барғанда айтты. Бүгінгі күні белгілі болғандай, бұл атышулы «АрселорМитталТеміртау» АҚ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша шахта қабаттарында улы заттарды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізбеген. Желдету құрылғыларын пайдалану мерзімі — 14 жыл. Қазіргі кезде мұнда 1970-1980 жылдардан бастап қолданылып келе жатқан желдеткіштер апатты жағдайда тұр, сол себепті әлі де кезкелген күні жарылыстар орын алуы әбден мүмкін. Кәсіпорын өндірістегі өзге де құрал-жабдықтарды ауыстырудың не екенін айналмайды, тек қана пайда табумен белгілейді.

Ал, «АрселорМитталдың» иелігінде қазіргі кезде 8 шахта бар. Басында 15 шахтаны сатып алғанмен, оның жартысына жуығын үндіс миллиардер жауып тынды. Соған қарағанда ол кеншітерді істетіп, жұмыс орындарын ашуға артық қаржы жұмсағысы келмеген. Лакшми Митталға адам өлімі мүлдем әсер етпейтін секілді. Өйткені өзге де шахталарда бұдан да сорақы апаттық жағдайлар болғанмен оның алдын алуды ұйымдастырмаған. Айталық, осы компанияға қарасты «Абай» шахтасындағы ең ірі апат 2008 жылы орын алып, ол кезде 30 адам апат болып, 14-і жараланған. Жарылыс кезінде 191 адам жер астында болған. Апат салдарын жою кезінде құтқарушылар апаттан көз жұмған жеті азаматты жер бетіне алып шыққан. Ал қалған 23 кеншіні іздеу жұмысын тоқтатып, шахтаны газ өтпейтіндей етіп жауып тастау туралы шешім қабылдаған. Туған-туыстарына оларды соңғы сапарға шығарып салуға, адам сияқты жерлеуге де мүмкіндік бермеген. Яғни адамдарымыз тірідей көмілген деуге болады. Лакшми



жалақы бермегендері үшін наразы жұмысшысы кәсіпорын кеңсесіне басып кіріп, өзін-өзі өртегені де есімізде. 2017 жылы желтоқсанда Қарағанды облысының әртүрлі қаласында «АрселорМитталТеміртау» компаниясының жүздеген кеншісі бірнеше күн бойы ереуіл өткізген. Олар еңбек жағдайын жақсартуды, жалақыны көтеріп, зейнет жасын төмендетуді талап еткен. Бірақ компания мен билік өкілдері кеншілер талабын жартылай ғана орындап, ал жұмысшылардың зейнет жасын төмендету талабы ескерусіз қалған-ды. Міне алып кәсіпорынды шетелдіктерге берудің нәтижесі осындай.

Осы жерде «Үндіс миллиардерді басымызға шығарып, біздің билік неге оны осынша тайтандатып қойды? Нарық ережелері, халықаралық экономикалық заңдар мен екі ортада қасалғанын келісімшарттар қайда қалды? Ұлтымыз үшін стратегиялық маңызы зор алпауыт кәсіпорынның тағдыры мен қызметі біздің билікті мазаламай ма? Неге оны тойымсыз үндістің қолына бере салды?» деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұрақтарға жауап табу үшін өткен күндерге көз жүгірту қажет.

Қарапайым қазақ халқына пайдасы болмаған, билік басындағы пысықайлардың қалтасын кампайтқан атышулы жекешелен-

ортасында Лакшми Миттал комбинатты бар жоғы 200 млн. доллардан сәл асатын сомаға сатып алып бірден байып шыға келген. Өйткені оның шынайы бағасы сол кездің өзінде кем дегенде 3 млрд. доллар сатып алынған. Мысалы, дәп осы деңгейлес Украинадағы «Кривойрогсталь» комбинатын Лакшми Миттал 4,8 млрд. долларға сатып алған. Ал бізге келгенде пысық бизнесмен бірден өз қаржысын құймай, төрт жыл бөліп төлеген. Яғни қарызға алды деуге болады. Миттал 1996 ж. мамыр айында — \$22,5 млн, сол жылдың қараша айында — \$112,5 млн, 1997 жылы мамырда — \$22,5 млн, 1999 жылы — \$67,5 млн. төлеген. Миттал алдынала ақша төлемей, комбинатты жұмыс істетіп, содан тапқан пайда арқылы сатып алды деуге болады. Оның үстіне пайдадан түсетін салықты 2-4 пайыз көлемінде ғана өтеген. Ал осы тектес шетелдік және отандық кәсіпорындар салықты бұдан бірнеше есе көп төлеген. Оған мұндай жеңілдіктер беретіндей Л. Миттал біздің — екі туып, бір қалғанымыз емес қой. Әлде қызын қазаққа беріп, мынжылдық құда болып па еді? Бұрын айтуға тыйым салынғанмен соңғы жылдары бұл туралы да ашық айтыла бастады. Үндіс миллиардеріне жеңілдікті басқа емес, бұрынғы президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі беріп, қолдағаны

жалтақтайды. Одан кейін қоғамда қандай әділдік болмақ?

Осы тұста бір кезде кеншілер ереуілдетіп, жұмыс жағдайын жақсартып, жалақыны көтеруді талап еткенде мемлекет басшысы болған Нұрсұлтан Назарбаевтың Лакшми Митталға қаратып, сыртынан «Металлургтер мен кеншілердің артында мен тұрмын!» деп өзінше сес көрсеткені еске оралады. Адамдарымыз шахтада тірідей қара жерге көміліп, айлап жалақысын ала алмай жүрген жұмысшыларға Н. Назарбаевтың шынымен жаны ашиды екен деп ойлайтын аңғал қазақтың енесі сол кезде бір көтеріліп қалған-ды. Бұдан кейін қанша жерден бай болса да Митталдың жүні жығылады деп есептеген. Сөйтсек оның бәрі алдамшы, жұртты тыныштандыру үшін айтылған көзбояушылық қойылым екен ғой. Өйткені Нұрсұлтан Назарбаевтың сұқ саусағын шоспайтқаннан сескенген Лакшми Митталды байқамадық. Сол бұрынғысынша өз қалауынша жұмысын жалғастырумен келеді. Лондонда жатып алып қазақтың байлығын қалтасына басуда. Онысымен қоймай, кезінде Нұрсұлтан Назарбаевтың атына хат жазып, компанияның жұмысына кедергі жасалды деп қазақстандық мемлекеттік органдарды, салық, сақтандыру орындары мен соттағыларды төртпінке

«АҚ ЖОЛ» ҚОҚЫС ОРЫНДАРЫН САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПҚА САЙ ҰСТАУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

«Ақ жол» қоқыс полигондарын экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес келтіруді талап етті. «Ақ жол» фракциясының бұл депутаттық сауалын Ғани Хамзин жариялады.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ Р. В. СКЛЯРҒА,
ҚР БАС ПРОКУРОРЫНА

«Ақ жол» партиясы азаматтарымыздың өмір сүру сапасының басты өлшемдерінің бірі ретінде қоршаған ортаның жай-күйі мәселелерін бірнеше рет көтерді. Фракцияның ағымдағы жылғы 13 сәуірдегі депутаттық сауалына жауап ретінде Үкімет пен Бас прокуратура нақты шаралар туралы хабарлады, олардың ішінде: әкімшілік санкциялар салу, кейбір стихиялық полигондарды жою және жеке полигондар мен қоқыс сұрыптау желілерін салу жоспарлары айтылған.

Алайда, бұл мәселенің ауқымдылығымен таң қалдыратын ақпарат бар.

Қазақстан аумағында 3005 полигон жұмыс істейді, оның тек 635-і немесе 21%-ы экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келеді. Үкімет еліміздің үш өңірінде экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келетін полигондардың үлесі 4%-дан аз екенін хабарлайды: Павлодар облысында – 4 (полигондардың жалпы санынан 1,25%), БКО – 2 (1,36%), СҚО-16 полигон (3,51%). Әкімдіктер мен экология министрлігі олардың әрқайсысы осы аймақтардағы қалдықтар мәселесін бірінші болып шеше бастағанша күте ме? Сайлаушылар біздің партияға полигондар мен стихиялық полигондар мәселесіне немқұрайлы қарайтындығына үнемі шағымданады.



Қазақстанның 2013 жылы бекітілген «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамада қалдықтарды қайта өңдеу үлесін 2030 жылға қарай 40%-ға дейін, 2050 жылға қарай 50%-ға дейін жеткізу, 2030 жылға қарай ел халқының 100%-ы қоқыс шығарумен полигондарының 95% экологиялық және санитарлық қалдықтарға сәйкес келтіру талаптары көзделген. Қазірдің өзінде, егер сіз бәрін сол күйінде қалдырсаңыз, ел мәлімделген көрсеткіштерге жете алмайды деп айта аламыз.

Барлық өңірлер үшін қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу мәселесі өзекті болып калуда. ТҚК жинау және шығару тек қалалар мен жекелеген аудан орталықтарында ұйымдастырылған. Демек, бүкіл ел бойынша ауылдық округтерде ТҚК-ны жинау мен өкету мүлдем ұйымдастырылмаған, бұл еліміздің барлық дерлік ауылдарында стихиялық қоқыс

үйінділерінің пайда болуының себебі болып табылады, сондай-ақ біздің азаматтарымыздың 40%-ы сонда тұратын ескеру қажет.

Қалдықтарға қатысты жүйелі шаралар қабылдау жаңа проблемалардың жинақталуын тудырады. Атап айтқанда, Қазақстанның авиациялық әкімшілігінің деректері бойынша ағымдағы жылы әуежайлардың жауапкершілік аймағында ұшақтардың құстармен соқтығысуының 46 жағдайы тіркелген. Ең қолайсыз орнитологиялық жағдай Алматы әуежайында байқалады, онда 23 оқиға немесе бұл барлық жағдайлардың жартысынан қарайды. Бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауынша, мұндай жағдайдың басты себебі – Алматы әуежайының маңында көптеген полигондар мен рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінің болуы, бұл кем дегенде 5 үйінді.

Үкіметтің 2011 жылғы 12 мамырдағы қаулысымен әуежайлық бақылау нүктесінен

15 шақырым арақашықтықта тамақ қалдықтары шығарылатын орынды орналастыруға, құстарды тартумен және жаппай жинаумен ерекшеленетін аң фермаларын, мал сою алаңдарын және басқа да объектілерді салуға тыйым салу белгіленеді, дегенмен Экологиялық кодекстің 350-бабында мұндай норма жоқ. 15 шақырым 10 жылдан астам уақыт бұрын орнатылған. Бұл қалдықтар қайғылық салдарға әкелуі мүмкін қауіпке қаншалықты сәйкес келеді және кем дегенде бұл талап орындала ма?

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Ақ жол» депутаттық фракциясы мыналарды қажет деп санайды:

1. Еліміздің барлық әуежайларының, әсіресе Алматы әуежайының ауданында қалдықтарды көму орындарының санкцияланған орналасуына тексеру жүргізу. Рұқсат етілмегендер анықталған жағдайда – жою.

2. ТҚК полигондарының қызметін және ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін өзге де қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру қағидалары талаптарының орындалуына, яғни кемінде 15 шақырым қашықтықта тексеру жүргізу.

3. Әуеайлақтың бақылау нүктесінен құстардың тартылуымен және жаппай жинаумен ерекшеленетін объектілерге дейінгі қашықтықтың жеткіліктілігіне талдау жүргізу және осындай қашықтықты ұлғайту қажеттілігін қарастыру.

4. Қалдықтардың барлық түрлерімен қалыптасқан жағдайды еңсеру бойынша, оның ішінде – ТҚК полигондарын барлық экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкестендіру бойынша нақты іс-қимыл жоспарын ұсыну.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары

ӘЛЕУМЕТТІК-КӘСІПКЕРЛІК КОРПОРАЦИЯЛАР ІСІНЕ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛСІН

«Ақ жол» ӘКК-ні жоюды және оның қызметіне прокурорлық тексеру жүргізуді талап етті. «Ақ жол» фракциясының тиісті депутаттық сауалын Дания Еспаева жариялады.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНЕ,
ҚР СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ
БОЙЫНША АГЕНТТІГІНІҢ ТӨРАҒАСЫНА,
ҚР БАС ПРОКУРОРЫНА

Биыл қазанның 12-сінде ӘКК-ні жою және олардың барлық қызмет түрлерін бәсекелестік ортаға беру қажеттілігі туралы депутаттық сауал жолданды. ӘКК-нің негізгі мақсаты – өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу болғанына қарамастан, ӘКК бойынша тұрақтандыру қорының қаражатына билік ететін әкімдіктер жанындағы шаруашылық ведомстволарына айналды. Біздің сауалымызға жауап ретінде Үкімет ӘКК өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасауда жергілікті атқарушы органдарға жәрдемдесу міндеті болып табылатын Өңірлік даму институттарына қайта форматтауды жоспарлап отырғанын мәлімдеді. «Ақ жол» фракциясы үкіметтің жауабы біздің сауалымызда қойылған мәселелерді шешпейді деп санайды.

ӘКК қызметі бойынша қосымша сұрау салудың себебі жер учаскелерін беру кезінде ӘКК-нің бәсекелестікке қарсы іс-қимылдарын анықтау туралы БАҚ-та бірқатар материалдар болды. Осы фактілерге қатысты фракцияның тиісті сұрауына бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (БҚА) монополияға қарсы тексерулердің нәтижелері бойынша ӘКК-нің көпшілігінде жана

өндірістер мен инновациялық өнімді құрудың орнына мейрамханалар, сауда үйлері, жанармай құю станциялары, автокөлік жол орындайды. Мәселен, 3 жыл ішінде Астана әкімдігі саудаттық арқылы барлығы 6 жер учаскесін, ал Байқаусыз – 889 жер учаскесін берді. Соңғысы – 2020 жылмен белгіленген. Үй салу үшін учаскелерді беру кезінде әрбір ӘКК учаскелер үшін өтемінің мөлшері мен түрін өздігінен айқындайды. Астана, Алматы қалаларында ӘКК тұрғын үй құрылысы көлемінен 2,5%, Ертіс ӘКК – 90% алады.

Сонымен қатар, Жер кодексінің 48-бабы Кәсіпкерлік Кодексі жаңа өнім өндіруді немесе жасауды қамтитын инвестициялық немесе инновациялық жобаларды іске асыру үшін ғана ӘКК арқылы учаскелерді бөлу мүмкіндігін көздейді. Мәселен, 3 жыл ішінде Астана әкімдігі саудаттық арқылы барлығы 6 жер учаскесін, ал Байқаусыз – 889 жер учаскесін берді. Соңғысы – 2020 жылмен белгіленген. Үй салу үшін учаскелерді беру кезінде әрбір ӘКК учаскелер үшін өтемінің мөлшері мен түрін өздігінен айқындайды. Астана, Алматы қалаларында ӘКК тұрғын үй құрылысы көлемінен 2,5%, Ертіс ӘКК – 90% алады.


Сонымен қатар, құрылыс салушыдан алынған тұрғын үй-жайлар мемлекеттік тұрғын үй қорын айналып өтіп, әкімдіктер мен ӘКК қызметкерлері арасында

тікелей бөлінеді. Мәселен, елорданың дипломатиялық қалашық ауданындағы 14 учаске үшін «Астана» ӘКК «ATLANT» ТК-де 13 пәтер алды, оның 8-і сатылып, 5-і ӘКК және өкімдік қызметкерлеріне берілді.

Елорданың орталығындағы жерлер құрылыс салушыларға жүзден 2,4 млн-ға жеткен фактілер бар, елордадағы мұндай жобалардың саны 216-ға жетеді.

Соңғы 5 жылда учаскелердің 70%-ы тұрғын үй мен үй-жайларды салуға бөлінген (яғни 440 нысанның 216-сы). Жер учаскелерін байқаудан тыс бөлудің тағы бір тәсілі АЭА аумағында тұрғын үй салу жөніндегі жобаларды іске асыру болып табылады. АЭА туралы қолданыстағы заң тұрғын үй құрылысы бойынша жобаларды іске асыру мүмкіндігін болдырмайтынына қарамастан, Астана, Түркістан және Ақтау қалаларында АЭА басым түрлерінің тізбесіне тұрғын үй құрылысы енгізілген. Қатысушыларды іріктеу де байқаусыз өтеді. Тұрғын үй құрылысының 118 жобасының 65-і немесе 55% бір ғана компания (BI GROUP) жүзеге асырады.

«Астана» АЭА аумағында 215 жобаның тек 80-і 38 млрд. теңгеге өндіріс құрумен байланысты, қалған 135 жоба 3,4 трлн. теңге немесе 99% - бұл тұрғын үйлер мен ғимараттар салу. Бұл жұмыс істеп тұрған ӘКК мен АЭА негізінде мемлекеттің бюджеттік және жер ресурстарын пайдалана отырып, тұрғын үй құрылысы бойынша коммерциялық жобалармен айналысатынын білдіреді. Бұл ретте,



АЭА аумағында учаскелерді өтеусіз алу, салықтық және келендік алымдардан босату тұрғын үйдің түпкілікті құнына әсер етпейді.

Тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру бойынша осындай жағдай басқа ӘКК-де де байқалады. «Алматы» ӘКК бойынша ТК, автокешендер, ЖҚС, сауда алаңдарын салуға 29 жер учаскесі, «Жайық» ӘКК бойынша - 23, «Ертіс» ӘКК бойынша - 7 жер учаскесі сатылды. «Атырау» ӘКК 26 инвестициялық жобаны іске асыру үшін 175 учаске сатып алды, оның тек 2-уі ғана нысаналы мақсатқа сәйкес келеді.

Бүгінгі таңда 12 монополияға қарсы хабарламань тек 6-ы ғана өңірлік ӘКК (Маңғыстау, Жамбыл, Атырау, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстары, Алматы қ.) ерікті түрде орынады. Басқа аймақтар мұндай қызметті жалғастыру мүмкін деп санайды және соттарда құзыретті органның әрекеттеріне шағымдануға тырысуда.

Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясы келесіні талап етеді:

1. Мемлекеттік меншікті басқарудың экономикалық тиімсіз және жоғары деңгейлі сыбайлас жемқорлық жүйесі ретінде ӘКК жою мәселесіне оралу;

2. Барлық ӘКК қызметіне жер ресурстарына және жобаларды іске асырудан алынған табыстарға билік ету мәніне прокурорлық тексеру жүргізу;

3. Монополияға қарсы агенттікті тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарға жол берген лауазымды адамдарға қатысты шаралар қабылдау;

4. Жер учаскелерін байқаусыз бөлу үшін жауапкершілікті күшейту.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары

«Ақ жол» демпартиясының
баспасөз қызметі

Іні-дос, сырлас бауыр, қазақтың өз үні, өз әуені бар ғажайып ақыны Қазыбек Иса да алпыстың асқарына көтеріліпті. Қазақ қоғамы үшін қайраткер, күрескер шайырдың өлеңбаяны да, өмірбаяны да жұртының көз алдында. Қазақ өлеңінің қайталанбас тұлғасы Сырбай Мәуленов Қасым ақын туралы жазған әйгілі «Найзағайлы қара бұлт» мақаласында: «Егер сіз толқынның күшін білгіңіз келсе, дауылда аласапыран болып жатқан кезде өзенге түсіңіз. Сіз толқынның күшін сонда білесіз. Егер сіз найзағай күшін білгіңіз келсе, күркіреген күннің астында тұрып, жарқыраған жай отының жалынымен танысыңыз. Сіз жайдың күшін сонда білесіз. Егер ақын болсаңыз, сізге толқынға түсудің де, аспаннан найзағай құшудың да қажеті жоқ. Сіз қиялыңызбен дүниенің төрт бұрышын түгел аралап, планеталарды айналып шарқұрып саяхат құрасыз», – дейді. Биыл ғасырлық тойы өтіп жатқан Сырағамның ақындық туралы түйіні түйін.



Секілді бір батар күн,
Табасы отта тұрады.
Ақ жүзіне апамның
Алқызыл нұр жұғады.
Тезек оты маздайды,
Басқан сайын барқыт түн.
Жайдақ тірлік жаздайғы
Жатар енді артып мұң.
Апам жапқан таба нан,
Ұқсап кетті айға өлгі...
Шоғы көкке тараған
Жұлдыздарға айналды.
Хош иісі бұрқырап,
Дәмі жұр ғой тандайда.
Қалды алыста құм-қырат,
Енді ондай нан қайда?!
Ай мен жұлдыз қатар-ды,
Күтіп жүрем үзбей күн...
Ақ жаулықты апамды
Арасынан іздеймін...
Қазыбек поэзиясы мейлінше шалқып жатқан жаны, тулап жатқан қаны бар сәулелі өлең. Ол кейде Шардараның шуақты күндей жайнап, ашық аспанындай мөлдіреп, жаныңды аялайды, сезімді аймалайды. Өмірдегі жақсылық, махаббат, сағыныш атаулының түп-төркіні осы асыл сезімнен басталатынын сезінесің. Толық



Азат ПЕРУАШЕВ:

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҮШІН ҚАЗЕКЕҢНЕН АРТЫҚ АЙҚАСЫП ЖҮРГЕН ДЕПУТАТ ЖОҚ

«Ақ жол» партиясының
төрағасы, Мәжіліс депутаты
Азат Перуашевтың белгілі ақын,
Мәжіліс депутаты Қазыбек
Исаның 60-жылдық
мерейтойында сөйлеген сөзі

Қазыбек Жарылқасынұлының Парламентте болсын, саясатта болсын орны бөлек. Ел ағалары ақынның жаны нәзік, жүрегі сезімтал болады деп жатыр ғой. Ал, саясат деген салқынқандылықты талап етеді. Бұған дейін осындай түсінік қалыптасқан. Қазеке, сіз ақынсыз. Ақын мәңгілікпен сөйлеседі халық алдында. Ақынның сөзі, ойы, ниеті жоғары деңгейде болу керек. Саясатта кейде пендешілікке жол беруге тура келеді. Бірақ, заман ағымына сай, бүгінде саясатқа жүрегі сезімтал, елдің мұң-мұқтажын жақсы білетін, олардың жанайқайын билікке жеткізе алатын адамдар қажет екенін көріп отырмыз. Қазыбек Жарылқасынұлы сондай адамдардың бірі. «Ақ жол» демократиялық партиясының саяси бағдарламасында төрт негізгі бағыт бар. Тәуелсіздік пен мемлекеттілік, Алаш ұлттық идеясы, Жемқорлық және деофшоризация, Парламентаризм мен демократия. Осы төрт бағыттың қай-қайсысы бойынша да Қазекеннің айтары анық, ұстанымы берік. Мемлекеттік тіл мәселесінде Қазекеннен артық айқасып жүрген депутат жоқ. Алаш тақырыбына келсек, партиямыз 2012 жылы Мәжіліске өтіп, фракциямыз құрылғаннан кейін Қазекен Алаштың 95 жылдығын мемлекеттік деңгейде өткізу туралы депутаттық сауал жасауды ұсынды маған. Біз Алаш тақырыбын көтерген сайын, мені Ақордаға шақырып осы мәселені көтермеуді талап ететін еді. Бірақ Алаш идеясын көріп биікке көтерген ақ туына айналғанын елдіп отырмыз. Жер тұтастығы мен ұлттық мүдде жолында да Қазекеннің еңбегі ерен. 2017 жылы Қытайда қазақтарды түрлі лагерьлерге қамап жатқанда Қазекен екеуіміз Бейжіңге барып, Қытай компартиясының жетекшілеріне 112 қандасымыздың есімі жазылған тізімді бердік. «Біз парламенттік партия өкілдеріміз, қандастарымызды неліктен қамап жаттырыпсыздар?!» деп сұрадық. Дәлел талап етіп, қандастар тапқыры үшін табандылық таныттық. Нәтижесінде сол тізімнен жүзге жуық қандасымыз босап шықты. Жемқорлық мәселесінде де, ақынның даусы жоғары. 2013 жылы тағы да Қазекен екеуіміз Швейцарияның парламентінде елімізден миллиондап қаржы жымқырған жемқорлардың тізімін елге қайтаруды талап еттік. Жаңа ақша экраннан Қазекеннің коалицияда сөйлеген сөзін көрсетті. Неліктен Қазекен қабаттасып шаппай, қанаттасып шабайық деп, Тоқаевты қолдауға шақырды? Себебі, бүгінде еліміздің алдында тәуелсіздігімізді, жер тұтастығын сақтау мәселелері бірінші орында тұр. Егер елімізді, жерімізді сақтай білсек ерте ме, кеш пе біз нарықтық экономикасы бар, әділетті мемлекетке айналамыз. Оған ешбір күмәнім жоқ.

Көлден ұшқан көп үйрек...

Сондай найзағайы да, жауыны да, толқыны да жан-жүрегіңдей сирек суреткердің бірі – Қазыбек Иса. Суреткер демекші, оның негізгі мамандығы суретші. Өлеңдеріндегі образдылықтың, табиғилықтың, бейнеліліктің түп-төркінін содан іздеуге болатын шығар. Бұл бірақ басқа әңгіме.

... Көлден ұшқан көп үйрек көкалалы,
Көз ұшында сағым боп жоғалады.
Көлді көрсем көктемді көңілімнің
Көк көйлекті қыз болып оралады.
Қазыбек ақынның осыдан үш мүшелдей уақыт бұрын жазған өлеңі осылай басталушы еді. Осындағы көкалалы көп үйрек те, көк көйлекті қыз да, көгілдір көктем де ақын жүрегінің алғаусыз дүрсілінен, аңғал аңсарынан, сағыныш сазынан жаралған. Шын шебердің қолынан құйылған құймадай әр қырынан қарасаң әр түрлі болып жарқырайды. Ақындық күдірет деген де осы шығар.

... Күз келді,
Күрең тарттық біз де енді...
Қар жаумай-ақ жапырақ
Жасыруда жаздан қалған іздерді.
Күз келді,
Күрсінуде қыз да енді.
Қиялданып ол мұнлық
Іздер ме екен ізсіз кеткен біздерді.
Күз келді,
Құстар тізбек тізді енді.
Жүрек байғұс жүдеді
Сыр беретін жөнін бар ғой, сызда енді...
Күз келді...
Үш-ақ шумақтан тұратын «Күз» өлеңі.

Ойлы оқырманды мұңға батырады. Өмірдің небір сәттері көз алдынан үзік-үзік ленталай өтері ақиқат. Көмескі тартқан ізің де, жомарт күзің де сағымдай бұлдырай ма, қалай? Ақынның осы тектес жырларын оқығанда, осы жолдарды өзін жазғандай әсерге бөленесің. Ақын мен оқырман бір нүктеде түйіскендей. Поэзиядан эстетикалық ләззат алу деген философиялық өлең. Түрлі қылмыскерлердің психологиясына әлеуметтік зерттеу жасаған ғалымдар олардың көпшілігі өмірінде өлең оқымағанын айтады. Даңғой Дантеске анасы бала кезінде өлең сөздің күдіретін ұқтыра алмай қойса, Аристотель Александр Македонскийдің зердесіне поэзияның рухын құя алмаған деседі.

Өлең сөз ізгіліктің бастауынан жаралады. Қазыбек ақынның «Қызыл жыңғыл», «Керімсал», «Тәтті шөл» жинақтарынан ба-

стап кейінгі «Сырымды айттым далаға» атты көлемді кітабын оқып шыққан оқырман талай рет небір тәтті мұңға батып, сағыныштың самалын жұтып, бір тамаша сәттерді бастан кешер еді.

Жүрдім, жүрдім, жүрдім де,
Кетіп қалдым бір күнде...
Немкеттілеу ағайын,
Неге кеттім, білдің бе?..
Өсуіне бауырдың,
Шешіміне қауымның
Қарайлаумен күн кешіп,
Өз дертіммен ауырдым – деп басталады.
«Сырымды айттым далаға» дейтін елге көбірек мәлім жыры. Осында ақынның дерті де, серті де бар. Ақын сырын далаға емес, өзіне де, өзгеге де айтып тұр. Жалаң дидактика, жалған пафос, жасанды сезімнен ада. Оқырманын сендіре сөйлейді.

Жалпы Қазыбек ақынның тұнық сұдай мөлдір поэзиясы жайлы сан мәрте қаламдастары, қанаттастары айтқан. Шардараның майдақоңыр толқынындай тербеліп, сырдың суындай сыландап ағып өлең өлкесіне өз болмысымен келген ақын сол биігінен төмендеген жоқ. Халық депутаты, қоғам қайраткері Қазыбек Иса ақын өленде де, өмірде де іркіліп қалған жері жоқ. Содан да:

«Бәрін айту, бәрін білу міндет пе,
Ертең...
Ертен барлығы да екшелер.
Ақын жайлы құмар болсаң білмекке
Жырын оқы...
Түсінігің жетсе егер...», – дейді.
Сенімді де, салмақты сөз. Оқитын жыр ақында аз емес. Қазыбектің таңдаулы өлең, балладалары да жеткілікті. Осы қатарға сапар жырларын, сезім пернелерін дөп басқан махаббат лирикасын «Жапандағы жалғыз үй», «Жиде ағашы», «Бүйрек жегіш бала», «Белгісіз суретші», «Мұнлық-зарлық мұқамы», «Құлажан батыр» ақынның өмірлік қағидасы өлең жазу болса керек.

Қазыбектің «Идиллия. Апам туралы ән» атты тамаша жыры бар. Қайтқан малмен жамырап, Жылған кез жұрт есі. Барады осы шақ ұнап, Қызыл інір қыр төсі... Сыр берсе де саулығы, Бар тірлікке бар зауық. Ағараңдап жаулығы Апам отыр нан жауып.

нұсқасын келтірген «Апам туралы ән» де сондай бір сиқырлы күшке ие өмірлі өлең. Ақынның асыл Зейнеп апамыз жаратылысынан сұлу адам еді. Сол асыл жанның көңілінің көктемді, жанының жазирасы ақын ұлына берілген шығар. «Апасының жапқан таба нанын айға ұқсататын» арманшыл ақын, қиялшыл Қазыбек алпыс деген жал-құйрығы төгілген арғымақтың үзеңгісіне аяқ салыпты. «Сайраған жолым жатыр жер бетінде» деп Қасым ақын айтқандай, оның соңындағы сүрлеу-соқпақтар үлкен даңғылға айналған кез. Әрине, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Ресей жазушыларының Сергей Есенин атындағы алтын медалінің, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері қайраткер ақын Қазыбек Иса ғұмырбаянының беттерін парақтап көп мерейге айтуға бола еді. Оның бүгінгі мерейтойыма мақаланың міндеті емес деп білдім. Ұлтының ұлына, қазағының қабырғалы қаламгеріне айналған ақын:

«... Маңдайын күнге күйдірген,
Табанын жерге тілдірген.
Қайран ел, қазақ ақысын
Қайтару үшін жүрмін мен» дейді бір өлеңінде. Бәлкі, бұл ақынның жан дауысы шығар, сенейік.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басындағы дүрбелең шақта Алматыда танысып, табысып едік. Содан бергі аға-іні, қаламдас, қанаттас дос болып бірге ғұмыр кешіп келеміз. Көрген қиындығымыз да, қызығымыз да бір-бірімізге аян.

Сол тоқсанның торықтырған күндерінде Қазыбекке арнап жазған өлеңімде мынандай жолдар бар екен:

...Қағысудан тұратын табысудан,
Өмір кейде...
Басыннан бақ ұшырған.
Абайлардың жете алмай ауылына
Тайылардың түл бол тауға сағынған.
Айтылатын білек бар туған айға,
Тілексіздер қурайдай қурамай ма?
...Сарыарқадан сәтіммен самал соқса,
Шардараның толқыны туламай ма?!
Бүгін де сол көңіл, сол ниет. Тек көлден ұшқан көкалалы көп үйрегің айдынына жиірек айналып қонып тұрса екен...

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
ҚР Мемлекеттік
сыйлығының иегері

Алаштың көшбасшылары туралы 1918 жылы ақиық ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров 25 жасында өзінің «Таныстыру» атты поэмасында суреттеген екен. Енді сол өлеңнен бір шумағын келтірсек: Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов, Білемін бұл үш ердің айтпап жайын. Кешегі қара күнде болмап па еді, Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым... Қазақтың Күні, Шолпаны мен Айы болған аймаңдай тарихи тұлғаларының, Алаш көсемдерінің болмысын барынша шынайы суреттеп халқына қайтару жолында теңдессіз қазына қалдырған, тарих беттері үшін аса құнды деректерді алғашқы болып екі томдық «Шындық шырағы» және «Алаштың сөнбес жұлдыздары» атты үш кітаптан тұратын естеліктерінде жазған Міржақып (Жақан) Дулатұлының қызы Гүлнәр апай болатын.

Негізгі тақырыбымыз Алаштың Ахаңы мен Қазақтың Қанышы болғандықтан әрі олар кездескен бе деген сауалға жауап іздегендіктен, Гүлнәр апайдың естеліктерінің де сарыны бұл сұраққа қосымша жауап болатыны сөзсіз. Жақанның тірі қалған жалғыз тұяғы Гүлнәр апай Қаныш ағасын былай деп еске алады: «Міржақыптан қалған жалғыз болғандықтан, өзімді әке өмірінің жалғасындай көріп, фамилиясын өшірмей, Гүлнәр Дулатова болып өмір сүріп келемін. Әкем қамауға алғаннан кейін көбісі хабарласпай кетті. Алайда Қаныш Имантайұлы қарым-қатынасын үзбеді» — дейді. Бұл Қазақтың Қанышының кастерлі қасиетінің тағы бір қырына берілген баға болса керек. Міржақыптан бір мүшелерден аса кіші Қаныш, Жақаннан көрген жақсылығына адал болып, «сол заманда басыма бөле болар» деп басқа сырт айналғандардың қатарына қосылмай, жұмысының ауырлығы әрі иен даладағы Қарсақпайдан қатынап, Қызылордадағы Жақанның отбасына қоныс алуын ұсынуын, аманатқа қиянат жасамағандығын, Қаныштың адамгершілік қасиетінің темірдей берік екендігін көрсетеді.

Гүлнәр апай естелігінің тағы бір жерінде: «Әкемнің сүйіп алған жары, сенімді серігі, айнымас жұбайы Ғайнижамал Баймұратқызы Досымбекова-Дулатова оның өзінен он жас кіші болатын... Ардақты анам қырық бес жасында 1940 жылы 15 сентябрь күні дүниеден өтті. Анам жиын-тойларда, кәделі кештерде би билеуді тәуір көретін. Қаныш Сәтбаев аға екеуінің мазурканы билегенін көргем-ді, бұл 1924 жылы еді» — дейді. Осы кездесуден екі жыл өткенде 1926 жылы Міржақып Дулатұлы Еңбекші қазақ (қазіргі Егемен Қазақстан) газетіне тұңғыш рет Қаныш Сәтбаев туралы жылы лебізді мақала жазды. Мұнда Қаныштың қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инженері екендігін баса айтып, жас инженерге халқы үлкен үмітпен қарайтынын айшықтап мақалада көрсетеді.

Осының бәрін ой елегінен өткізсек, сонымен қатар 1924-1926 жылдар арасында Ахмет пен Міржақып Қызылордада бір үйде тұрғанын ескерсек, Қаныштың Жақан үйінде бірнеше рет бола жүріп, бұрыннан танитын ардақты Ахаңа сәлем бермеуі мүмкін емес қой! Қаныштың Міржақыппен аралас-құралас болуының арқасында Ахмет ағасымен осы үйде кездесуі айдан анық. Ендеше, бұл екі алыптың (ойы ғана емес, бойлары да биік, Қаныштың бойы — 1 метр 96 см. болғаны белгілі, Ахаң да зор денелі бойшаң болған. Көзкөргендердің естелігіне сүйенсек, 1 метр 90 см.) ТӨРТИНШІ КЕЗДЕСУІ сол кездегі Қазақ Елінің астанасы — Қызылорда қаласында болған деп топшылаймыз.

Гүлнәр апайдың естелігіне қайта оралсақ: «Менің әкем мен Қаныш аға тумаса да туғандай болып кеткен жандар еді. Әкемді ұстап әкеткенде бізге хабарласуға дәті барып, қарайласқан аз адам-

балалары қайтып келіп әңгіме айта алмайды. Гүлнәр апамның қолынан шыққан кітаптар — қаншама тарынса да, тамырымызды біржола құрта алмаған зұлмат заманнан өтіп, бізге жеткен күтпеген бір олжа».

Ал, белгілі тарихшы, академик Мәмбет Қойгелді: «Алаштық бұрыннан көз жазып қалған кейінгі ұрпақты Алаш арыстарына жақындатуға, тануға көмектескен тұлға Гүлнәр Міржақыпқызы еді. Өйткені, бұл кісі Алашарыстарының көзін көрді. Бөкейханов дейсің бе,

жазған хатында мынадай жолдар бар: «Большевиктер Қазақстан аумағына кіруіне тыйым салған Әлихан Бөкейханов Мәскеу тау-кен академиясының түлегі, ұлы Үгедейлі менің қасыма, Қарсақпайға баруға көндірді» — деп жазады. Мұны академиктің қызы Ханиса Сәтбаева өз естелігінде Үгедей Бөкейхановтың Қарсақпайға келген кезін былай деп суреттейді: «Бөкейханов Қарсақпайға келген соң біздің үйге орналасты. Оны бәрі Сергей Әлиханович деп атай-

жақты суреттесе, Қаныштың қызы — Шәмшиябану апайымыз (Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы) сол жолды сәтті жалғастырған ғалым. Алаш қайраткері, көрнекті педагог Әбікей Сәтбаевты, жалпы Сәтбай әулетін жан-жақты зерттеп, әкесі Қаныштың айтқандарын қағаз бетіне түсірген. Алаш ізбасарлары, кеменгер жазушы Мұхтар Әуезов пен ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның да мектептерінен өткен аяулы дан. Олардың еңбегі мен адамгершілік қасиеттерін құйма құлақтай есте сақтап, кейіннен қағаз бетіне түсірген де Шәмшиябану апайымыз. Естелік әңгімелерді жүйелеп, қыруар қызмет жасаған,

ҚОС ҒҰЛАМА — АХМЕТ пен ҚАНЫШ ӨМІРДЕ КЕЗДЕСКЕН БЕ?..



ның бірі Қаныш аға болды. Қарсақпайдан Қызылордаға келген сайын жағдайымызды біліп кететін. Мен мектеп бітіргенде анамыз Қаныш ағаның ақыл-кеңесі бойынша Томск медициналық институтына түсірді. Сондағы Қаныш ағаның айтқаны: «Гүлнәр, әкең Бутырька абақтысында жатқаны үшін қиындық туады деп аландама. Сібірліктер ашық-жарқын келеді. Олар да қудалауды көп көрген халық. Әкеңнің сәтсіздігі үшін аяғыңнан шала қоймас деп жігер беретін» — деп еске алады. Бұны Гүлнәр апайдың баласы Ерлан Сатыбалдиев растай түседі: «Халық жауының» фамилиясымен Қазақстанда оқи алмайсың деген Қаныш Сәтбаевтың кеңесінен кейін Томск қаласына кетіп, университеттің медицина факультетіне оқуға түскен. Кейіннен жарты ғасырдай дәрігер-дерматолог болып Алматыда апай қызмет жасаған. Мамандығы дәрігер болғанымен әкесінің табиғи таланты Гүлнәр апайдың бойынан табылып, қаламгерлік қабілетін аша түскен.

Тұтас бір дәуірдің куәгері ретінде Гүлнәр апай сол заманды бүгінгі ұрпаққа жалғастырып алғашқы ұлын көп екендігін талай белгілі жазушылар да жазған болатын. Соның бірі әрі бірегейі, бүгінгі классик жазушымыз Мұхтар Мағауин былай деп баға береді: «Гүлнәр Дулатованың естелік байып тұрғысындағы үш кітабы — қазақ руханиятындағы өзгеше бір қазына дер едім. Асырып айтылған сөз емес. Ахаңның маңдайына бітпеген, Мағжанның жастай кеткен, Әлекеңнің көктей қиылған

Байтұрсынұлы дейсің бе — бәрі де Міржақыптың үйінде болған кісілер. Алаш арыстарының ақталғанын көзімен көріп, құлағымен естіп кетті. Өзі осы ақталу процесінде жұмыс жасады. Жазған естеліктерінің тарихи құндылығы өте жоғары, деректі маңызы зор» — деп байыпты бағасын береді.

«Мәңгі есімнен шықпайтын күнім - әкемді соңғы рет көрген 1929 жылғы маусымның жиырма төртін» болатын деген Гүлнәр Міржақыпқызы 2013 жылдың 18 ақпанында 98 жасқа қарайан шағында дүниеден өткен. Гүлнәр апайдың естелігінде Алаштың рухани көсемінің жұбайы Бадрисафаны әжеке деп, Ахметті атеке деп атағанын жазады. Ал, Алаштың саяси көсемі Әлихан Бөкейханды былай суреттейді: «Әкем Міржақып ағасы Әлиханды өзі «Әлеке» дейтін де, менің тілім шыққаннан бері «Атеке» дегізген. Туған күннен есейгенімше бауыр басып, орталарында өстім, әкелеріміздің қарым-қатынасы өле-өлгенше бірде-бір үзілген емес» — деп жазады.

Әлиханның ұлы Үгедей (Сергей) Жезқазғанның Қарсақпайындағы қызмет атқарып жатқан Қаныш Сәтбаевтың үйінде тұрғаны туралы көп жазылды да әрі «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты 6-сериялы телехикаяда былтырғы жылы көрсетілгенін де білеміз.

Кезінде Қаныш Сәтбаев 20-жылдардың соңындағы қыс айларын Мәскеуде өткізеді. Сол кезде Әлихан Бөкейханмен жиі ұшырасып жүреді. Алғашқы академиктің 1929 жылдың 25 желтоқсанында жұбайы Таисия Алексеевна Сәтбаеваға

тын. Біз қоржын үйдің бір жағында тұрып жатқанбыз. Екінші жағы геологиялық барлау кеңсесі болатын. Сергей Әлиханович үйленген кезде ығысып, үш бөлменің бірін жас жұбайларға босатып бердік. Кейін зауыт басшылығы оларға жеке пәтер берді».

Бұл жазылған естеліктерден байқайтынымыз, Қаныш Имантайұлы Алаш көшбасшыларының отбасы мүшелеріне қолдан келген көмегін аямағаны өз алдына бір бөлек, Әлихан және Міржақып ағаларымен бірнеше рет кездескендігіне көзіміз жетеді. Сонымен қатар, Алаштың үш тұғыры аталған - Әлихан, Ахмет, Міржақыптармен немере ағасы әрі ұстазы Әбікей Сәтбаевтың ара қатынастағы достығын сыйлап қана емес, әрі қарай жалғастыруға тырысқаны - Қаныштың қадірін арттырмаса кемітпегені айдан анық. Бұл сабақтастықты Ұлылардың ұрпақтары да жалғастырғанының куәсі біздер де болдық. Төменде берілген тағы бір тарихи сурет соның айғағы. Мұнда Әлихан Бөкейханның қызы — Мария, Ахмет Байтұрсынұлының қызы — Шолпан, Міржақып Дулатұлының қызы — Гүлнар, Қаныш Сәтбаевтың қызы — Шәмшиябану бейнеленген. Осы тарихи сәтті, төрт ғұламаның қыздарын екі жағына алған, ортадағы белгілі ғалым, атакты алаштанушы Баянауылдық апайымыз Ұшыкітай Субханбердіна апайларын деген ізеттіліктен, мақтаншыты көңілмен тұрғаны қандай жарасымды.

Гүлнәр апай естелік кітаптарында Алаш қайраткерлерін жан-

ауызбен айтып толтыра алмайтын, бағасы өлшеусіз құнды мұра қалдырған Шәмшиябану Сәтбаева. Бұл туралы келесі постта толығырақ жазамын деп отырмын. Әзірге айтарым, Шәмшиябану апайдың үйіне кезекті рет барғанымда біздің отбасымызға сыйлаған «Сәулелі әулет» атты кітабын мынадай тілекпен ұсыныпты: «Алтынбек, Әліпкүл, Әсем! Бақыты болуларыңа тілектес Шәмшиябану, 1999 ж.» Сол кітаппен бірге Ахмет атамның алғашқы кітабы - «Ахмет Байтұрсынов шығармалары» деген туындыны да сыйлап еді. Бұл кітаптың алғысөзін дайындап жазған Шәмшиябану апайдың өзі болатын. 320 беттік кітаптың 20 беттік алғысөзінде Ахаң шығармасына терең сараптау жүргізіп, маңызды ойларды ортаға салған. Бұл - әкесі Қаныштың заман қыспағына қарай Ахаң туралы айта алмай кеткен арманын - қызы Шәмшиябану Сәтбаеваның толығынан орындап шыққанын да көреміз. Жан-жақты терең талдау жасай отырып, мынадай жолдар да жазады: «...көрнекті ғалым, әдебиетші қасірет кездің құрбаны болып кете барды. Оның атына еңбектеріне ұзақ жылдар бойы тыйым салынды. Бүгін елімізде іске асып жатқан замануы, қайта құру, жариялық жанында ғана Ахмет Байтұрсыновтың аты қайта аталып, оның қоғамдық қызметі, ғылыми, әдеби мұрасы халқымыздың рухани қазынасына қайта қосылып отыр».

Осы кітапты апайдың қолынан алғанда, Қаныш аға Ахмет атамен кездескен екен бе? — деген сұрақтың неге қойылмағанын деп ойлаймын... Сол жылы 20 жыл жастығымыз өткен ару Алматыдан, асқақ Астанаға қызмет бабымен ауысып көшіп келдік. 2-3 жылдан кейін ойламаған жерден Шәмшиябану апайда өмірден озды.

Шәмшиябану және Гүлнәр апайлардың қаламдарынан туған құнды дүниелер Алаш қайраткерлері мен олардың ізбасарларының Қазақ Елінің тәуелсіздігіне жету жолындағы жалынды күрестерін ғана емес, білімі мен ғылымын, әдебиеті мен мәдениетін, жалпы руханиятын жаңа деңгейге көтеруде сіңірген бағасы өлшеусіз ерен еңбектерін айшықтағанын аңғарамыз. Өмірлерінің соңғы жылдары азапты әрі аяусыздықта болса да Алаш қайраткерлері алған бағыттарынан ешқашан

айнымағанының тағы бір куәсі болып, Алаштың Әлиханы түрмеден Ахмет пен Міржақыпқа арнап, күрес жолына түскендеріне өкінбедер дей отырып, мынадай мәтінде хат жазыпты: «Сендердің тандаған жолдарың - абақты жолы... азапты жол... бірақ бір нәрсені түсініңдер. Баяғыда доңыз бен аққу дос болыпты. Сонда бір күні доңыз аққуды балтырдан алып: «Әй, аққу! Сен күн бар дейсің. Сол күнді мен неғып көрмеймін?» - дейді. Сонда аққу: «Әй, доңыз! Сені Алла төмен қаратып жаратқан. Сондықтан сен اسپандағы күнді көрмейсің!» - депті. Алда күнді көре білетін ұрпақ келеді. Сол күнді көретін ұрпақ сендерді еске алатын болады. БІЗДІ РИЗАШЫЛЫҚПЕН, ҰЛ-

КЕН ҚҰРМЕТПЕН ЕСКЕ АЛАТЫН БОЛАДЫ!». Бұл әулиелік сөздер тәуелсіздігін алған бүгінгі ұрпақ алдында ақиқатқа айналды. Рас, жарқыраған күнді көрген жаңа ұрпақ шексіз ризашылықпен, үлкен құрметпен Алаш Арыстарын еске алып жатқандығы да ақиқат. Бүкіл әлемдік деңгейде ЮНЕСКО көлемінде алты жыл бұрын Әлихан Бөкейханның, биылғы жыл Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойларын атап өтіп жатыр. Енді, бір мүшел жылдардан соң, Құдай қаласа, Міржақып Дулатұлының 150 жылдығын осы тұрғыдан тойлауға дайындалатын боламыз. Алла Қазақ жеріне тыныштық беріп, Еліміздің гүлденуіне нәсіп етсін! Сол атты күнге аман-есен жетейік!

P.S. Гүлнар апай Дулатованың 73 жас мүшелден шыққан туған күнінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының әкесі Міржақыппен бірнеше алаштықтарды ақтау шешімінің 1988 жылғы 4 қараша күні қаулысы қабылданыпты. «Маған арналған сыйлықтай дәл туған күніме сәйкес, тура келуін қараңызшы» - деп, өзі де қатты қуанған екен. Міне, бүгін сол ақталған күнге тура 34 жыл толып отыр.

Жуырда Елімізге белгілі азамат, «Хабар» Агенттігінің Басқарма төрағасы Берік Ұәлімен жақынырақ танысып, ойларыммен бөлісуге мүмкіндік болды. Қоштасарда сыйға тартқан «Алаш жылнамасы» атты кітабын оқып шықтым. Жылнама деген атына сай мәліметтер хронологиялық ретімен жүйеленіп (мақала жазу барысында көмегін көріп жатырмын), Алаш қайраткерлері туралы тартымды ойлар жазылған екен. Мен үшін Алаш қайраткерлері ақталған 1988 жылдың 4 қараша күні тарихи күн! Осы күннен дәл 70 жыл бұрын 1918 жылы Бүкілресейлік уақытша үкімет жарлығымен Алашорда үкіметі таратылыпты. Ал, келесі 1919 жылғы 4 қарашада Әлихан Бөкейхан шақырған кеңесте Алашорданың кеңес өкіметі жағына шығатыны туралы шешім қабылданыпты. 1932 жылдың 4-ші қарашасында Ахмет Байтұрсынұлы мерзімінен бұрын босатылып, үш жылдық жер аударуын өтеу үшін Батыс Сібір аймағына жіберіліпті.

Сонымен қатар, бұл мақаланы жазу барысында көмегін көрсеткен Ұлылар оқыған ұстаздар ұясы – Семей педагогикалық колледжінің директоры Шағангүл Жанаеваға ризашылығымызды білдіре отырып, мемлекеттік марапат иесі болуға әбден лайықты тұлға деп өткен бөлімде жазған тілегіміздің, періштеңің құлағына шалынып, Республика күнінде Ақордада Президент қолынан алған ІІ дәрежелі «Барыс» орденіне шын жүректен балаша қуандық. Қуаныш ұзағынан сүйіндірсін Шағангүл Алдамжарқызы! Осындай көмегін көрсеткен тағы бір тұлға – ол Алматы қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ахметтанушы Райхан Имаханбет. Ахаң өмірі мен ғылыми мұрасы туралы кандидаттық диссертация қорғап қана қоймай, 30 жылға жуық өмірін осы салаға арнап, көптеген фотоальбомдарды басып шығарған. Өткен жылы «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясының басты кеңесшісі болса, жуырда жарық көрген 12 томдық Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық жинағының жауапты редакторы. Ахаңның Музей-үйінің нағыз «шырақшысы» хәм рухани жанашыры болып табылады. Қазан айында Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Ахаңның 150 жылдық мерейтойын өткізу делегациясының мүшесі болды, 3 жылдан Түркияға барған делегация құрамында өзінің «Ғасыр саңлағы» атты кеңкөлемді әдеби туындысының түрік тіліндегі нұсқасының тұсаукесерін өткізді. Райхан Сахыбекқызының «Ғасыр саңлағы» кітабына маған да пікір білдіру мүмкіндігі болып, ол «Алматы ақшамы» газетінде жарияланды. Міне, Ахмет атамыздың мерейтой жылының қорытындысы бойынша мемлекеттік марапатқа ие болатын лайық тұлғалардың бірі.

Райхан Сахыбекқызының шыр-пыр болып жүгіріп жүрген тағы бір ісі – Алматы қаласында қойылатын Ахмет Байтұрсынұлы ескерткішінің еңселі әрі сапалы болып шығуы. Ахаң атындағы көшеде орналасқан Ахмет Байтұрсынұлы есімінен аталатын саябаққа арнайы қаракөк граниттен белгітас та орнатқызған болатын. Енді, міне, осы саябақтың ортасынан осы қараша айының ортасында Ахаң ескерткіші бой көтермекші. Ескерткіш Астана қаласында қоладан құйылып жатқандықтан, осындағы жанашыр топ болып, біздер барып көрдик. Мүсіншілер Айдос Бүркітбаев пен Тимур Ермұхаметов екеуден танысып, ескерткіші көріп, көзімізді оларда қабыл алды. «Біздің жұмысымызда Ахаңның барлық болмысын, бейнесін нақ жеткізуге тырыстық. Киімі классикалық үлгідегі костюм, плащ. Қолында серігі болған таяғы орта жасты еңсерген кезі екенін баяндайды. Мүсін қоладан - 3,5 метр, тұғыры граниттен - 1,5 метр» - деп баяндап берді Айдос Бүркітбаев. Алматыдағы Ахаң ескерткіші халықтың көзқуанышы болып, рухты көтерер еңселі ескерткіш болатынына күмән жоқ!

Алтынбек НУХҰЛЫ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты,
ҚР Журналистер одағының мүшесі

MEMLEKETTİK TİL

ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛМЕЙТІН ҚАЗАҚТАР ҚАЗАҚ ТІЛІН ӨЛТІРУГЕ ҰМТЫЛЫП ЖАТҚАНДАР!

ТІЛ ӨЛСЕ, ҰЛТ ӨЛЕДІ!

Тіл өлді деген осы! Алеут тілін өлтірген жалғыз сол тілді білетін аясауда өмірден өткен Геннадий Яковлев ақсақал емес – ана тілін білмейтін тексіз Алеуттер!

Біздің Қазақ тілін білмейтін, балаларына Қазақ тілін үйретпейтін Қазақтар да, Қазақ тілін өлтіруге ұмтылып жатқандар! ТІЛ ӨЛСЕ, ҰЛТ ӨЛЕДІ!

Құдай сақтасын! Қазақ тілі Қазақ Елімен мәңгі жасай берсін! Ол үшін тектілігін сақтаған әрбір қаны қазақ, жаны қазақ күресуі керек!

Қазақ тілін дамыту, төрге шығарып, өркендету ең алдымен Қазақ атын иеленіп отырған Қазақ мемлекетінің қасиетті міндеті мен парызы болуы тиіс!!!

Мемлекеттік тілді міндеттеу – Мемлекеттің міндеті! Бұл заңды да, тарихи да, табиғи да Аксиома!

Қазыбек ИСА



АЛЕУТ ТІЛІН БІЛЕТІН ЕҢ СОҒҒЫ АДАМ ӨМІРДЕН ӨТТІ! – АЛЕУТ ТІЛІ ӨЛДІ!

2022 жылдың 4 қазанында Камчаткада 87 жасар Геннадий Яковлев қайтыс болыпты. «Тумақ бар жерде өлмек бар»... Десек те, бұл кісі алеут тілін білетін сол ұлттың ең соңғы өкілі екен. Қазір де Аляска, Алеут, Командор аралдарын мекендейтін алеуттер бар көрінеді, әйтседе, олар тілдерін ұмытқан. Соңғы санақтар бойынша Ресей аумағында 482, ал АҚШ-та 150 алеут тіркеліпті. Осылайша аты бар да, заты жоқ. Сонымен, Гена ақсақалмен бірге тұтастай бір халықтың күллі сүйініші мен күйінішті, қуанышы мен мұңын, тәжірибесі мен сырын

бойына жиған мыңдаған жылдық алеут тілі де келмеске кетіпті.

Бүгінгі тірі жүргендер, әсіресе, ана тіліне селқос жандар тілде мынандай шексіз жер мен байлықтарды бізге қалдырып кеткен ұлы бабаларымыздың аманаты мен ақысы жатқанын, тілдің де жоғалуы мүмкін екенін, оны ұрпағына үйрету арқылы ғана сақтап қалуға болатынын білсе, сезінсе екен деп қиялдайсың кейде... Қазақтан мұндай ақсақал шықпай-ақ қойсын деп тілейік!

Мамай АХЕТОВ

MEMLEKETTİK TİLDİ BİLMесең – ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТЫ ЕМЕССІҢ! ЖАҢА ЗАҢ ҚАБЫЛДАНАДЫ!

«Ақ жол» партиясы талайдан көтеріп келе жатқан Қазақстан азаматтығын алу үшін Мемлекеттік тілден емтихан тапсыру мәселесі заң жүзінде шешіледі. Ел заңнамасына мемлекеттік тілді білмейтіндерді азаматтыққа қабылдаудан бас тартуды көздейтін түзету әзірленді. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың Мәжіліс депутаттарының сауалына берген жауабында айтылған.

«Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға мемлекеттік тілді, тарих пен ұлттық заңнаманың негіздерін білмеуді азаматтыққа қабылдаудан және қалпына келтіруден бас тарту үшін қосымша негіз ретінде көздейтін, сондай-ақ ең азаматтығы фактілерінің алдын алуға бағытталған түзетулер әзірленді», – деп атап өтеді Үкімет басшысы.

Премьер-Министрдің айтуынша, аталған заңнамалық түзетулер Парламент депутаттары бастама жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша Парламент депутаттарының түзетулеріне, Үкімет қорытындысының жобасына енгізілді.

Айта кетейік, Мәжіліс депутаттарының сауалында қоныс аударушылардың қос азаматтығын тексеруге және құқықтық іс-шаралар қабылдауға қатысты мәселелер көтерілген болатын.

Бұл мәселені кезінде «Ақ жол» демократиялық партиясының фракция мүшелері талай жылдан бері көтеріп, бірнеше рет депутаттық сауалдар жолдаған болатын.

Атап айтқанда, 2017 жылы және 2019 жылдары Азат Перуашев Қазақстан азаматтығын алғысы келетіндер үшін Мемлекеттік тіл мен Конституциядан және ел тарихы мен мәдениетінен емтихан тапсыруды енгізуді ұсынды.

2017 жылы 29 наурыздағы ҚР Премьер-Министріне депутаттық

сауалында: «Қазақстан лайықты өмірі бар, тартымды мемлекетке айналғандықтан еліміз жақын аймақтардан қашқан босқындар үшін қызығушылық тудыруы мүмкін.

Осыны ескеріп, елімізде миграциялық маңызы күтпегей-ақ, оны реттеу мен Қазақстандық бірегейлікті қорғау жөнінде алдын алу шараларын қолға алу керек деп есептейміз.

Ең алдымен, заңнаманы Конституцияға сәйкестендіру аясында, «Азаматтық туралы» заңында Қазақстан Республикасының азаматтығын сұраушыларға емтихан тапсыру туралы нормалар қарастырылуы тиіс»-деп атап көрсетілген.

Биылғы 2022 жылдың 27 сәуірінде Мәжіліс депутаты Қазыбек Исаның «Ақ жол» фракциясы атынан ҚР Премьер-Министрі Ә.Смайыловаға жолдаған сауалы «Мемлекеттік тіл есіктен кіре алмай жылап тұрса, біз қалай төрде отырамыз?» деген тақырыппен порталымызда жарияланған болатын. Өз сауалында депутат шұғыл Ұлттық идеология концепциясын қабылдау қажет екенін, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керектігін талап еткен еді. Сонымен қатар Азаматтық алу үшін Мемлекеттік тілден емтихан тапсыруы тиіс деген ұсыныс жасаған еді.

– Қазір геосаяси жағдайларға байланысты біздің елге басқа елдерден қоныс аударушылар ағылып жатқандықтан, Ұлттық қауіпсіздік мақсатында 2017 жылдан бері «Ақ жол» фракциясы бірнеше рет ұсынғандай, Қазақстан Азаматтығын алу үшін мемлекеттік тіл мен ел тарихынан емтихан тапсыруы тиістігін заңмен бекітуіміз керек.

Ресейде азаматтық алу үшін ғана емес, жәй жұмысқа тұру үшін алдымен мемлекеттік тілді білу керек! Мысалы, Ресейдің мемлекеттік тілін білуі тиіс аула сыпырушысының азаматтық құқы мен құны біздің мемлекеттік тілді білуі тиіс емес, білмейтін министрлерден, әкімдерден, депутаттардан жоғары тұр!- деп қатты айтылған депутаттық сауалда.

«Ақ жол» фракциясының осы өте өзекті мәселеге байланысты төртінші депутаттық сауалын ҚР Премьер-Министрі Ә.Смайылова

2022 жылғы 5 қазанда депутат Берік Дүйсембинов жариялады. Онда: «Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша жалпы бүгінде елімізде 350 мың ресей азаматы тұрақты тұрып жатыр. ...Олар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қалтқысыз бағынуға, тіліміз бен салт-дәстүрімізді құрметтеуге міндетті» – деп көрсетілген.

Премьер-Министрдің кешегі жауабы осы «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалына байланысты келген.

Сонымен қатар, айта кетеріміз, Үкімет басшысының жауабындағы заң бабы «Халықтың көші-қоны саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына Парламент Мәжілісі депутаттарының, атап айтқанда Ергал Жұмабаева, Қазыбек Иса, Айгүл Смайбаева, Ғабдол-Ғазиз Құлахметовтердің ұсынуымен ҚР Азаматтық алу туралы заңының 17 бабына толықтыру арқылы жүзеге асуда.

Бір ескертетін жәйт, Қазақстан азаматтығын аларда Мемлекеттік тілден емтихан тапсыру шет елдегі қандастарымызға, яғни этникалық қазақтарға жүрмейді.

«Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деп қазақ ем тектен текке айтаған. Мен сөз еткелі отырған қазақ поэзиясының қабырғалы ақыны Қалижан Бекхожинның өмірі жолы да осыған куә іспетті. Оның бақытына орай әкесі Нұрғожа Бекқожаұлы арабша оқи да, жаза да білетін. Түріктің түп-тұқиянына ой-көзін жүгірткен, яғни, жалпы түрікше де сауатты, көзіқарақты дарын иесі болған. Шығыстың өлең-жырларын, дастандарын талмай оқып, көне басылымдағы кітаптарын жалықпай жинаған адам. Сондықтан да шығар, Нұрғожа Жаяу Мұса, Жарылғапберді, Иса, Сұлтанмахмұт іспетті әйгілі тарландармен, Естай, Майра секілді күміс көмей әншілерімен сұхбаттасырлас болған. Кереку төңірегіндегі ірі мәдениет өкілдерін былай қойғанда, көрші қалалар мен қоныстардағы Ақан сері, Мәшһүр-Жүсіп, Нұржан Наушабаев секілді аттары айдай әлемге аян тұлғалармен де аралас-құралас өмір кешкен.

Зиялылар бас қоса қалғанда зерігу қайда. Сайранды сауық кештер, ауыл аспанында қалқыған ән мен жыр, айттыс... Өнер атаулының бар-баршасы бала Қалижанның делебесін қоздырмай қойсын ба! Сабақ болар сәттерді құлағына құйып өскен Қалижан елегізін жұмбақ шабыт қанатына қонғандай.

Көп оқи бастайды. Естігені мен оқығанын көкірегіне токи бастайды. Шығыс үлгісінде жазылған ғашық-дастандарды жалықпай тындап, қайсыбір тұстарынан үзінділерін жаттауға кіріседі.

Әкесі Нұрғожаның аузынан «Бозжігіт», «Сейфулмәлік», «Мұңлық-Зарлық», «Жүсіп-Зылиха» хикая дастандарын естіп, ұйып тындайды. Қатты қызығады. Елегізеді.

Үлкен дарын иесінің шабытын оятқан бұл туындылар он ескіден асқан шағында-ақ шағын көлемді өлеңдер жазуға итермелейді. Ақындықты армандаған бала Қалижан жазғандарын әкесіне оқып береді. Өзгелерге оқуға ұялады. Құпия сақтайды.


«Түбі сенен ақын шығады!» — деп маңдайынан сипайды әкесі. Нұрекеннің осы сөзі балаң ақынды алыс арманға жетелегендей әсер береді. Табиғатында сезімтал болып өскен кішкентай Қалижан өмірдің жұмбағы мол тірліктің нысына ойы мен қаламын қоса жүгірте бастайды.

...Иә, екінші перзентті аңсаған Нұрғожа қарттың отбасы және оңқасынан туған қуанышқа тап болды. Алдында ғана дүниеге келген Қайыржан ағасынан кейін фәни жалған есігін Қалижан іңгөлап ашты. Ағалы-інілі Қайыржан мен Қалижан. Бірінің соңынан бірі едел-жедел келген екеуі де Нұрғожа көңілін аспан-датып, нұрға толтырды. Екеуі де Бекқожа әулетінен. Екеуі де құбылмалы өмірдің ашы-тұшысын татып өсті. Кейін келе Қайыржаны қаламдарын жауынгер жанр, журналистикаға қайраған қалың топтың тынымсыз да таңдаулы тәлімгері болды. Ұлттық университеттің профессоры атанды. Ал, Қалижан ше? Ақындық қаламын күндіз күн көзіне шынықтырса, түнде Айнұрына суарған қазақ поэзиясының қарымы сол қабырғалы ақыны атында.

Біздің бүгінгі әңгімеміз ақиық, ақпа-төкпе эпик ақын, дарынды драматург, әлем әдебиетшісі, хәм тәржімәші Қалижан Бекхожин хақында.

Біз білетін Қалижанның жүріп өткен жолдары қат-қабат: балаң Қалижан, алаң Қалижан, маман Қалижан, жауынгер Қалижан, қауымгер Қалижан, дауылгер Қалижан!

Алғашқы екеуі әр пендеге тән буыны бекінбеген, қабырғасы қатпаған кез



А ҚИЫҚ АҚЫН



Мырбай РӘШ,
жазушы, Халықаралық «Алаш»
сыйлығының лауреаты

делік. Ал, кейінгі төрт түрлі Қалижан ше? Олар да күйбең тіршілік күйлері. Оқу мен тоқу, сұрапыл соғыс, елін, жерін жалап-төнуімен қапырлеу, ата тарихын ойлап қана қою емес, зерттеу, баспа бетінде жариялау. Тоталитарлықтың титықтатар таяғына тап болатынын көре, біле, сезе тұра ақындық болмысымен іштей алпарысу, күресу, қайрала түсу, яғни, жүндеуге жақсы жуас түйе болмай, мұзға таймас, буыршындай бұркырап, қара нардай қасарысу.

Міне, біз білетін Қалекеннің кредосы. Соңғы қасиетін дауылгер демей не дерсін!..

Қалижан өзінің балаң шағын көк шалғындағы көбелегін қуып, бұрымды бұлағының кәусәрінен сіміріп өскен Тәттімбет жазығында өткізген еді. Сол кез ақын жүрегінен былайша кестеленген ақын:

Шуағындай балғын бөбек жазымның,
Сағындым мен Тәттімбеттің жазығын.
Саумал көлдің қамыстарын сырнай ғып,
Өстім сонда естіп аққу, қаз үнін.
Тынысындай ерке бала шағымның,
Тәттімбеттің тәтті лебін сағындым.
Желмен ойнап жүгіріп ем ұстауға,
Жерқылдаған сәулесінен сағымның.
Көк майсада көбелектей ойнадым,
Жалғыз ғана бір бақытты ойдамын.
Сол бақытым – өткен сенде ойыным,
Жалғыз ғана сол қызыққа тоймадым...

Қалижанның ҚазПИ-де бірге оқыған қаламдас досы, Қасым Аманжоловтың қан майданда қаза тапқан қаһарман інісі, аты атақты дастанына арқау болған Абдолла Жұмағалиев өзінен екі жас үлкен ағасы Қалекенге арнап «Ақын досыма» деп жазған өлеңінде былай тебіренген еді:

О, дүние, албырт күні он-он бестін
Қайырылып соғар ма еді он-он бес күн.
Көтеріп орамалын, о, дариға-ай,
Ойыны тарқап кетті-ау сол бір кештің.
Құс болып қанат қағып ұшар едім,
Соңынан жете алмаймын сол бір көштің...

Базары тез тарқап кететін балалық
шақтың лезде көрген түстей
ғайып болатыны хақ.

Сырлас ақынның
сырын жан-жүрегімен
ұққан мұңдас ақын інісі
Абдолланың осылай ағынан жарыла айтқаны адам тағдырының қайталанбас ақиқаты іспетті.

Жоғарыда біз Қалижанның қайсар ақын екендігін сөз еттік. Оның айқын дәлелі тарихи тақырыпқа арнап жазған

тебірене толғаған дастаны Бекхожинның шау тартқан шағындағы шуағы мол шабытты шығармасы еді.

Бұл сюжеттік желісі жағынан іштей үндестелі тапқанмен кейіпкерлерінің кестелі сезім пірімдері, суреткерлік табиғаты, бояуы қанық қырлары өз алдына дараланатын туындылар. «Аппакнамада» шығыс үлгісіндегі, ғашықтық хикаяларының сарыны сезіледі.

Қалижан ақын осы екі дастан арқылы өзіне күйе жағылған ұлтшылдық қамытын лақтырып тастап, шың мәніндегі өресі үлкен интернационалист екенін паш етті.

...Қызыл империя қылышы жалақтап тұрған кезде «жау» атандырып жала жаба салу қоян терісі илегеннен де жеңіл болатын. Міне, сол бір кезге көз жүгіртіп көрелік:

«За высокою идейностью литературы Казахстана» деген мақалада:

Мариям дочь Егора справедливо раскритикованы. Тема дружбы народов разрешается в грубо националистическом плане. (Ред. Статья 19.09.51. «Каз. Правда»).

Поэт Бекхожин в поэмах «Батыр Науан» и «Аксак кулан» идеализированная феодально-баиская обычая воспевав хана Кенесары Касымова. А.Малиновский. («Каз. Правда». 16.XI, — 1950).

«Батыр Науан» дастаны жердік. Бұдан сексен жылдай бұрын қызыл империя саясатынан қаймықпай, өз елінің тәуелсіздігін аңсап қазақ ұлтының намысын көкке көтерген келісті туындыны қоғамға зиянды «кесапат» идеялы санап, көкезді дау тудырған, авторын қуғындатқан шақты да көзімен көріп, көкірегі қарс айырылған ақын мойыманды, қайсарлығынан қайтпады.

Жиырма алты жасында жазған «Орман қызы» поэмасы үшін бас бәйге алған ақын ізін суытпай-ақ «Кек», «Ақсақ құлан» поэмаларын тудырды. Одан кейін де, орда бұзар отыз жасынан сәл аса берер-ақ «Тұрлаулы тағдыр», «Жусан», «Мәриям Жагор қызы» дастандарын дүрлетті.

Қалижан Бекхожинның шабыт қанатына мықтап мінген шағы да осы тұста еді. Дәлірек айтсақ, 1947 жыл. Әйгілі Александр Фадеев (сол кездегі Кеңестер Одағы Жазушылар одағының төрағасы) КСРО Жазушылар одағының пленумында Қ.Бекхожинның «Сырдария көкпары», «Келтемасат» айдарлы шағын көлемді дастандарын соғыстан кейінгі поэзиямызға қосылған үлкен үлес деп ауыз толтыра мақтады. Бұл тұжырым «Правда» газетінің 1947 жылғы шілденің 30-шы жұлдызындағы санында басылып шықты.

Ал заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов Мәлік Ғабдуллинге жазған жауап хатында: «Қазақ поэзиясында соңғы кезде жарық көрген Қалижан Бекхожинның «Мәриям Жагорқызын» ең үздік табысымыз деп айтар едім» десе, Сәбит Мұқанов: «Меніңше, «Ақсақ құлан», «Мәриям Жагорқызы», «Сұңқар туралы аңыз» дастандары Қалижанның ақындық өнерінде биік қиындары поэзиямыздың алтын қазынасына қосылатын асыл туындылар» — деп бағалады.

Бұған біз шоқтығы биік шығармалар қатарына екі ұлы жазушы бақиға озғаннан кейін жеке жинақ болып басылған «Менің замандастарым» мен көлемді «Аппакнама» дастанын да жатқызар едік. Алғашқы кітабын үшін ақиық ақын мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды. Бұл 1978 жылы болатын. Әзірбайжанның ұлы ақыны Низами мен қыпшақ қызының терең махаббатын

Осы іспеттес сыртында соқшы шегір көзді сырттан байлар аз болғандай Қалекенді қаралаушылар қаракөздер арасында да қаптаған «модаға» айналып алғаны есімізде. «Әдебиетте Кенесары көзғалысын дәріптеу». («Соц. Қазақстан». 1951.04. М.Ғұмарова).

Қалижан Бекхожин өз шығармасындағы ұлтшылдық бағытын үйреншікті дағдыға айналдырған. (А.Нұрқатов...)

Өз шығармаларында ұлтшылдық сарынды дәріптейді. (М.Сәрсекеев...)

...Осы іспеттес жандайшаптап жазғыштарды тізе берсек толып жатыр.

Қысылшан шақтың қиқуларына ақын құлақ та аспады, қайысып-майыспады. Өзін бәрінен биік ұстады.

Қалекен — жан-жақты дарын иесі. Оның «Ақан Ақтаев», «Егер жүрек шың берілсе», «Нөсерден кейін» пьесалары кезінде қазіргі Ғ.Мүсірепов атындағы жастар театры сахнасында қойылды 1937 жылы ҚазПИ-де оқып жүрген кезінде Сәбит Мұқановпен бірігіп қоса автор болып орта мектептің 8-сыныбына арналған көркем әдебиет оқулығын жарыққа шығарды.

Тарихи тақырыптарда өз елінің сан-салалы өзекті мәселелеріне арнап көптеген дастандар, көл-көсір өлеңдер, сонеттер жазған, поэзиядағы әлем классиктерінің шығармаларын ана тіліне тәржімалаған ақиық ақынымыз кейінгі ұрпаққа мол қазына қалдырды.

Асылы, қай қаламгердің де өз шығармаларының ішінде «Хан төңіріндей» шоқтығы биік асқақ туындысы болады. Қалижан поэзиясындағы сәулелі де сом жасалған дастаны, сөз жок, «Ақсақ құлан» дер едік.

«Сол күнге замандардан зар қосылған, Тіл қатты ебаларда қан қосылған. Ертеден ескен желмен жұмырледі Көр болып қалған іздер хан Жошыдан.

Оралып өктем күйдің әр нәшімен Ағыттым жарауымды кермесінен.

Ағыттым құйқылжыған құланымды Желдей жырдың жаңа пернесінен» —деп оқырманын еліктіре жөнелген дастан азалы аңыз желісін ағындаған жырымен атара толғап, сиқырлы суреткерлігіне тәнті етеді.

Ағысынан жаңылмаған арқалы ақын оқ тиіп, шабысынан айырылып, сирағын сылти басып сылқ ете құлаған



ҚАЛИЖАН

дала тағысының таусылған сәтін былай түйіндейді:

Күй қалды, күйші тірі осы манда,
Құйындай қырда құлан жосығанда,
Теңселтіп хан обасын жортады күй
Сабаздай садақ тартқан Жошы ханға.
Солай бір кәрі жырау шертті маған,
Аңызды жер сақтаған, жұрт тыңдаған,
Мүсірке мұнды сонау шежіренді
Бұл күнде қуанышқа, құтты далам!..

Айтылып жүрген аңыз бен өткен мезгілдерге бүгінгі күннің ой-көзімен қарап, тиісті бағасын беру кейінгі ұрпақ үлесіне тигенін де ақын естен шығармаған, әдебиетті зерттеуші әрі ғұлама көрген эпик ақынның толымды топшылауы осылай болса керек.

Өмірдің көкейкесті мәселелеріне Ғышпап кесек-кесек туындылар берген кемел ақын күнделікті тұрмыс-тіршілігіне орай да топтама өлеңдер жазған еді. «Абаймен сырласу» өлеңінде бәз біреулерге деген реніш-күйіншіні ұлы ақынмен сырласу арқылы сездіреді.

«Иә, бізде көп
Ду жыын, қызу кенес.
Өлең ұшын боламыз сендей өнеш.
Арамызда аға жоқ сендей дара,
Жасымыз да көкбайдан кішік емес.
Бәріміз нән...
Сөз сырын кім сараптар?
Сынға қырын
Әлі көп қисалықтар.
Оралсаң сен
Сайлар ек мектеп етіп
Егер саған қызметін қиса Жаппар...»

Юморға құрылып жазылған осы жолдардан қайсыбірінде қаламдастар арасында болатын ақиқат нышандары қылаң береді.

Біз білетін Қалекен көпшілік досына адал, мейлінше ақпейіл, аңқылдақ мінезді атажандылығымен қоса балажан да адам еді. Ол тұбасын да ойынан тыс қалдырмаған. Сұрайын жары Зайдахан жеңгемізге де арнайы жыр жазды. Соның кепілі шығар, міне, «Тереземді бүркелеме» деген өлеңіне назар салып көріңіздерші:

«Тереземді бүркемеші, Зайдахан,
Күлімдеген жұрттың көзін көрейін.
Тындап бақтан бұлбұл дауысын сайраған
Әйтеректей көтерілсін, мерейім.
Әйнегімді бүркемеші, Зайдахан,
Батар күннің шырайына қарайын,
Нажағайдың бұлтты қуып ойнаған
Жанарыма түсірейін арайын.
Тереземді ашып қойшы, Зайдахан,



Бір досымның талайына жайнаған
Жұлдыз көрсең соны жыр ғып айтайын.
Әйнегімді айқара ашып, Зайдахан,
Шолайыншы шын-құздарды ерте мен
Биатал таудан толқындалсын ой маған,
Самалесін жырмен өрлеп мәртебем!...

Кісікік мінезі жоқ келісті қаламгер, көркем сөз шебері өз басын ғана қайтмемей өзгелер үшін де күйбеңдейтін. Соңынан ерген жастарға үнемі қамқорлық жасайтын. Ақыл-көнесін аямайтын. Оның кезінде Жазушылар одағында жастар секциясын басқаруы да тегін емес-ті. Әдебиетте, поэзия жанрында жалт етіп көрінген жас талантқа балаша қуанып, сәт сапар тілеп жүретін. Ал адалдығы үшін пікір-таласқа түскенде оқыс көтерілген борандай бұрқырап кететін де кездерін көретінбіз. Күндеу, іштарлық іспетті арамбездік мінездерін айылын аулаққа салатын.

Қамқорлық, жастарға ұстаздық ретінде, өз бағасын Қалекеннің шәкірт деменді шапағатын көп көрдім. Менің «Бастау», «Батыр-дастан», «Санияз» айдарымен жарық көрген дастандар жинағымды жалықпай оқып, баспа беттерінде алғашқы пікірін айтып қуана құптағаны есімнен кетпейді. Менің елу жылдық мүшелтойыма орай «Қазақ әдебиеті» газетіне арнайы мақала жазған да Қалекен болатын.

Сырлы сезімнің сырнай үнді төгілме тілді суреткерінің сом тұлғасы поэзия аспанының жарық жұлдызындай мәңгі жарқырай бермек.

ҚАЙРАН ҚАЛЕКЕН!

Дүниеде адам өмірінен асқан не бар дейсіз! Қанша адам болса, сонша тағдыр. Пенде біткеннің ғұмыры да солай, әртүрлі. Атамыз Нұрғожа елге серілігімен, суырып салма өнерлі жан болған адам.

Екі ұлына азан шақырып қойған аттары Қайыржан (Қайыр-Мұхаммед), Қалижан (Қали-Мұхаммед). Үлкен ұлы дүниеге келгенде атамыз:

– Бұл Мәшһүр бас жігіттің болған бірі,

Тарқаған қалам алса көңіл кірі.

Құдайға қазір алса ризамын, –

Артымда Қайыржаным қалса тірі, – деп өз мақсат-мұратын өлеңге қосқан.

«Әке балаға сыншы» деген рас қой. Үлкен ұлына «сен ғылым жолын қуарсың, менің қаламымды тентегім ұстар» дейді екен атамыз Нұрекен.

Айтса айтқандай-ақ, Қайыржан ағамыз Торғайда облыстық газеттің редакторы, мыңдаған шәкірт тәрбиелеп өсірген ғұлама ұстаз, қазақ журналистикасының негізін қалаған патриархы аталған, қазақ журналистикасының тарихында есімі алтын әріптермен жазылған ақсақалы, шебер көркемсөзші.

Ал, Қалекен нағыз сегіз қырлы, бір сырлының өзі болатын. Домбыраны жақсы шертетін, күйсандықта жақсы ойнайтын, әсіресе, Мәдидің әндерін нақышына келтіре жақсы орындайтын еді, жазғар әндерін жақсы айтаын. Сазгерлігі де бар болатын. Аталған өнерлерінен, бәрінен де «солардың бәрінен ақындығым артық», – деп отыратын.

Талант – халық қазынасы, ұлттың мақтанышы дегенге қазір көзім анық жетіп жүр. Қалекен өз талантын жастық шағынан-ақ байқатқан. 1929 жылы комсомол қатарына өтіп, 1930 жылы Ертіс бойындағы Ақсуда еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған. 1930-1932 жылдары «Колхоз» газетіне өлеңдері жариялана бастаған. 1934 жылы мамыр айында Алматыда өткен жазушылардың бірінші құрылтайына Павлодардан делегат болып қатынасып, сонда өз өлеңдерін желпіне оқыған екен. «Атақты жазушылар – Сәкен, Сәбит, Мұхтар, Ілияс, Бейімбет, т.б. көргенмін, олардың құрылтайда сөйлеген ұлағатты сөздерін естігенмін, маған жаңа бір әлем есігі ашылғандай әсер етіп, жас қиялымды, өлеңшіл рухымды еді Қалекен өткен күндерін. Сол жолғы Сәкен Сейфуллиннің: «Қысылма жігітім, өлеңді батыл жаз. ҚазПИ-ге оқуға кел, өзім көмектесем» және «әкеннің қолжазбаларын алып кел» деген соң, үйдегі жазғандарын көп етіп алып келдім дейтін.

Қалекен 1934 жылы күзде оқуға түскен күннен бастап ұстаздарына зеректігімен, қабілеттілігімен ұнаған, оқуды өте жақсы оқыған. А.Пушкин атындағы стипендиат болған.

Сәбит аға 1936-1937 жылдары өзі дайындаған хрестоматияға өзімен бірге автор етіп қосады. Оқуын бітірмей-ақ, IV курста оқып жүргенде ҚазПИ-дегі редактор комсомол комитеті Қалекенді баспаға (ЦК ВЛКСМ) бас редактор етіп қызметке шақырған, кейіннен соғысқа барғанға дейін директорлық қызметін атқарған.

Соғысқа дейінгі Дихан Әбілев, Есмағамбет Исмайылов, Қасым Аманжолов, Жұмағали Саин, Абдулла Жұмағалиев, Төлеубай Ақшолоқов, Әли Есмәмбетов, Қапан Сатыбалдин сияқты бір топ жастар, жас қаламгерлер өзара сыйластықта болған.

Қалекен Сәкен ағаны ерекше құрмет тұтқан. Ол кісі туралы «Сұңқар туралы аңыз» деген дастан жазған. Гүлбарам апамды сыйлап, қонаққа шақырып, «ұлы жеңгелерім Гүлекен, Мәкен» дейтін.

Соғысқа аттанарда Сәбит ағамен Мәриям апамыз баталарын беріп, шығарып салған, содан аман келдім дейтін.

Ерлан оныншы сынып бітіргенде Москваға апарамын деп, самолетке билет алып келіпті. Ерлан да қуанып Москваға барғысы келді. Мен қарсы болып, «бармайды» дедім. Бір күннен кейін балалардың бәрін Ыстықкөлге жіберді де, олар кеткен соң Ерланның құжаттарын ҚазГУ-ге, журналистика факультетіне тапсырып келді. Қалекен де, мен де қуандым. «Университет ректоры Өмірбек Жолдасбеков өте жақсы қарсы алды, жақсы азамат екен», – деп балаша мәз боп келгені әлі есімде.

Қалекеннің құшағы кең, аса бауырмал, балажан еді. Мал жиямын, дәулет арттырамын деп ойлаған адам емес. Құлық-сұмдығы жоқ адал, тіке көзге айтық, дарқан адам еді.

Сократтың сөзімен айтқанда: «Алтын емес, балаларыма, ұрпағыма одан да қымбаттырақ дүниені қалдырып бара жатырмын», – дейтін, еңбекқор болыңдар, кітапты көп оқындар деп отыратын еді.

Қалекен – Ұлы Отан соғысының ардагері, Павлодар қаласының құрметті азаматы ретінде пайдалануға болатын көп жеңілдіктерге де қараған емес. Әркім таласып алып жататын саяжай орнын да алмаппыз. Баспанасыз жүрген кездерінде Жұбан Молдағалиев, Қабдікәрім Ыдырысов, Қайрат Жұмағалиев, т.б. паналатқан.

Бір жас ақынның жаңа өлеңі шықса қуанып қалатын жақсы екен деп, ұнамаған өлеңдерді сызып, сұрақ, леп белгілерін қоятын.

Қалекен қуғынға түсіп, сынға көп ұшыраған кезінде Мұхтар Әуезов: «Қалижан, сенің жағдайың қиын. Түрмеге түсуің мүмкін, халқымызға, елімізге керек адамсың. Түркіменстанға барып жұмыс істеп, өлеңдеріңді жаза бер», – деп ақынды айтқан соң, сол жаққа барып жұмыс істеп, мұғалім болған екен. Сол жақта жүріп шығармашылығын жалғастырып «Түркімен қызы», т.б. топтама өлеңдерін жазған.

1937 жылғы Сталиншілдік Қалекен екі рет институттан, екі рет комсомолдан, екі рет партиядан шықтым дейтін.

Атақты ақын Сағынғали Сейітов «Төрт таған сенгір» деп аталатын өлеңдерінде:

Қиялданам Қалекенді сағына,

Ақын еді туған өлең бағына.

Абзал аға, әзиз досым әріптес,

Жастайымнан жақын едің жаным,

– десе, халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев: «Қалижан Бекхожин талантының қыры көп. Ол – лирик, ол – эпик, ол – сыншы, әдебиетші. Ол – ән өлеңдері мен оқулықтардың авторы. Ол – шебер аудармашы және драматург» – депті.

Қалекенді лауреаттыққа Ғали Ормановпен бірге ұсынғанда Қалекен: «Я свою кандидатуру снимаю, жасы үлкен Ғалекен алсын», – деген екен.

Қалекен, шынында да, достарына, туыстарына адал еді. Артынан өсіп келе жатқан жастарға қолдан келген қамқорлығын аямайтын.

Зайда БЕКХОЖИНА,
Қалижан Бекхожинның
жұбайы

Жақсының аты өлмейді.
Ғалымның хаты өлмейді.
Бұқар жырау

В этом году научная общественность республики отметила 80-летие выдающегося казахского фольклориста, этнографа и эпосоведа, доктора филологических наук Турсунова Едыге Даригуловича (10.08.1942 – 24.12.2016). Его труды получили признание не только в СССР, но и за рубежом, и вошли в классику казахской и мировой науки о фольклоре еще при жизни автора. В них изучены многовековые традиции, обычаи, эпос, фольклор, устная литература, язык, музыка, похоронные и свадебные обряды тюрко-монгольских народов.

ДРЕВНЕЕ ЗНАНИЕ – ЧЕРЕЗ ФОЛЬКЛОР И ЭПОС

Наследие Едыге Турсунова примечательно тем, что впервые в советское время было изучено и подано общественности древнее знание Степи через фольклор, мифы и эпос. Если Олжас Сулейменов через «археологию слова и знака», этимологию слов и терминов исследовал следы древних протоюрков в разных частях мира, то Едыге Турсунов такую картину древнейшего мира показывает через мифы и мифологию, через которую можно изучать и древнюю историю.

Теперь понятно, по какой причине в советское время упорно боролись с тюркским эпосом – в СССР было время, когда хотели «закрыть» тюркский эпос как реакционный пережиток феодальных отношений.

Казахский язык – один из древнейших языков. Вот как проводит параллель между языком и эпосом писатель Тореғали Қазиев: «Вспомним выражение күн көру со смыслом жить при буквальной переводе – солнце видеть – это же слова людей, которые жили тогда при леднике, в пещерах гор! Для них выйти из пещеры и видеть Солнце означало – Жить. Это понятие возникло в ледниковые времена, когда кроме ледника и огня не было ничего дороже для людей. Или возьмите эпос «Козы Корпеш – Баян Сулу», о глубокой древности которого писали филолог Р. Бердибаев, историк Ж. Артыкбаев и др. Там Карабай и Сарыбай знакомятся на охоте, Сарыбай погибает оттого, что застрелил мать-олениху: это же о тотемном времени, т.е. об эпохе охотников! Карабай нарушает обычай сватовства – это о дуальной организации, которая создана еще в среднем палеолите, т.е. в промежутке 40-300 тысяч лет назад, об этом писал Едыге Турсунов в книге «Происхождение носителей казахского фольклора». Дуальность – когда два племени обмениваются невестами, отсюда обычай жеті ата».

Наше национальное самосознание сужено до катастрофических пределов, оно находится в состоянии анабиоза, поэтому древнее наследие способно пробудить нас из многовековой спячки, расширить сознание народа до тех пределов, откуда может начаться возрождение языка и нации.

И для более полного понимания феномена древнего знания, в том числе наследия Едыге Даригуловича, слово предоставим Кайрату Жананабаеву, писателю, переводчику, кандидату филологических наук, доценту Казахского национального университета имени аль-Фараби.



ЕДЫГЕ ТУРСУНОВ – УЧЕНЫЙ, ВЕРНУВШИЙ НАРОДУ

Кайрат Жананабаев – не только ученик Едыге Турсунова, он соратник и достойный продолжатель научного дела своего учителя – вместе разрабатывал с ним несколько проектов, написал о нем несколько научных статей, проводит в стране большую работу по популяризации его наследия.

Например, К.Жананабаев был модератором круглого стола по теме «Научная картина мира и национальные образы в творчестве Е.Д. Турсунова» 31 мая 2022 года в Евразийском Национальном университете имени Л.Н. Гумилева. Мероприятие организовано Институтом языкознания имени А. Байтурсунова в рамках научного проекта «Исследование художественно-определяющей системы, «формульной» стилистики и грамматики поэзии жырау XV-XVIII вв. Частицы эссеи» (по Программе грантового финансирования научных и научно-технических проектов на 2021-2023 годы Министерством образования Республики Казахстан).

10 августа в Тюркском семинаре (Хаким Омар) в Алматы прошел вечер памяти Едыге Даригуловича Турсунова, великого ученого, организованный его учеником и сподвижником Кайратом Жананабаевым (модератор Алексей Никонов).

8 ноября в Алматы общественный фонд «Аспандау» провел круглый стол «Бессмертны просве-

щенных письма Бессмертны посвященных имени...» к 80-летию выдающегося ученого-фольклориста, где главным докладчиком выступил Кайрат Жананабаев.

УЧЕНЫЙ, ВЕРНУВШИЙ НАРОДУ ГЕНЕАЛОГИЧЕСКУЮ ПАМЯТЬ

– Кайрат, расскажите, как вы познакомились с ученым, который повлиял на ваше становление как исследователя.

– Летом 1993 года я встретился с будущим моим другом, старшим товарищем, мудрым Едыге Турсуновым. Познакомила нас ученый, автор книги «Космос казахской культуры», Женискуль Карагузова, прекрасный исследователь и добрейшей души человек.

Еще в студенческие годы, проводя долгие месяцы в библиотеке имени А.П. Чехова, я прочел его чудный «Генезис казахской бытовой сказки», а затем – всё, что было им написано. Пораженный прочитанным, я долго сидел в тот вечер, до самого закрытия библиотеки, пытаюсь представить себе этого ученого. Мне он представлялся большим, высоким, совсем не таким, каким я увидел его позже, солнечным летом, на даче. Он оказался небольшого роста, подтянутый, загорелый, очень простой и веселый.

На вопрос, с чего началось его

увлечение фольклором, этот радостный человек, голубоглазый казахский интеллигент, подбирая слова, будто взвешивая их на ладони, поведал мне историю своей жизни, так похожей на сказку или легенду, в которой были по закону жанра и Добро, и Зло, и Смерть, и Воскресение, и свет побеждающей истины!

– В чем заключается феномен его творчества?

ОТ «ОСЛЕПЛЕНИЯ» – К «ГЕНЕЗИСУ»

– Какую работу Едыге Турсунова можете выделить?

– Трудно выделить одну работу, потому что исследования Едыге Даригуловича составляют целостную казахскую мифологическую картину мира. Турсунов использовал методику реконструкции генетической истории фольклорных



– На самом деле в этой истории, которую рассказал мне Едыге Турсунов, была заложена огромная потребность казахской интеллигенции первой волны 60-х годов восстановить традиции своей культуры в контексте того времени, когда на корню пресекались любые попытки национального самосознания и осмысления, время выдвинуло именно этого человека, который сделал невозможное.

Он, в ком пульсировала кровь древнего и знатного рода, берущего свое начало в глубине веков, своими трудами помог вернуть народу не столько этнографический аспект истории и культуры, а, прежде всего, генеалогическую память, подробно проследив этногенез казахского народа за много тысячелетий до его возникновения и образования как этноса.

Едыге Турсунов – основатель целого ряда научных направлений, разработчик уникальной комплексно-концентрической системы изучения тюркских культур. Его

оригинальный научный метод успешно используют эпосоведы, этномузыковеды, этнографы, этнопсихологи, фольклористы, литературоведы, а труды вошли в золотой фонд культурного наследия нации. Научный талант ученого и его яркая подвижническая деятельность способствовали независимости и прогрессу отечественной науки.

Сокровище надо изучить изнутри, чтобы увидеть, вычленив заложенную в мифах, легендах, по этических сказаниях изначальную программу поведения человечества, изначальное знание и слово.

Когда Едыге Турсунов, наш выдающийся фольклорист, относит сложение типа певца-жырау к I тысячелетию до н. э., то мы невольно задумываемся о том, какое громадное историческое пространство охватывает история тюркской эпической поэзии. Поэтому жырау надо рассматривать в системе мировой культуры, потому что тот же европейский фольклор – это молодое поколение по сравнению с тюркским.

жанров, которая подробно изложена в блестящей работе «Генезис казахской бытовой сказки: в аспекте связи с первобытным фольклором» (1973), в которой мифология как наука получила полное свое обоснование.

Следует заметить, что в этой работе впервые в истории казахской фольклористики освещены истоки мифа в аспекте связи с дуальными воззрениями первобытных людей, а также с их представлениями о мире мертвых; поэтапно отслежена связь героев казахских сказок с тотемическими культурами, исследованы также другие аспекты мифа. Так, монография «Генезис казахской бытовой сказки» стала не только выдающимся образцом национальной фольклористики в советскую эпоху, но и послужила благодатной почвой для роста, развития, становления мифологии как науки.

Судьба распорядилась так, что мифология не смогла стать самостоятельной наукой по идеологическим причинам в советское



время. Ревнителю господствующей идеологии понимали, что она — средоточие независимого, свободолюбивого духа нации, их неизменный и грозный, интеллектуальный оппонент.

Его труды до сих пор остаются недосыгаемыми по широте охвата и по научной методологии: ученый взял лучшие достижения отечественной классики А.Ф.Лосева, Е.М.Мелетинского, В.Я.Проппа и, соотнеся их с отечественными, национальными достижениями, создал свою новую концепцию происхождения видов и жанров фольклора.

— **Какими статьями Е.Турсунов вошел в науку?**

— Ярчайшим событием в советской фольклористике и тюркологии конца 60-х — начала 70-х годов стали статьи «Ослепление циклопа» и «О грифах, стерегущих золото» молодого Турсунова. В то время он работал в Институте литературы и искусства имени М. О. Ауэзова АН КазССР.

Это была первая смелая постановка вопроса о тюрках, их важной

такие глубокие исследования ученого, как «Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина // Архивные материалы и публикации» (1972), «Ертегілер. «Қазақ фольклористикасы» // Сказки. «Казахская фольклористика» (1972), «Сыншы, баксылар туралы. Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» // О сыншы и шаманах. «Современная казахская поэзия» (1973), «Тюрко-монгольские версии сказания об ослеплении циклопа» (1975), «Фольклор в эпоху аль-Фараби» (1975), «О единстве эстетического опыта кочевых и не-кочевых народов» (1976) и т. д.

Многие из этих статей были опубликованы на страницах самых авторитетных в то время научных изданий — «Советская этнография» и «Советская тюркология».

— **Какие его труды известны в годы независимости?**

— В 2001 году выходит новая монография «Коркыт. — Истоки тюркского мифа». В нем впервые наиболее подробно рассмотрены два аспекта развития эпосогенеза, специфические проблемы формирования эпического жанра в духе

вий — типичный для того времени случай. Подобные скитания казахских аулов ярко описаны в романе С. Елюбаева «Ақ боз ұй».

Но история — удивительная вещь. Во избежание зоркого ока ретивых активистов, недремлющих чекистов и многочисленных завистников семья изъездила всю Среднюю Азию. За годы преследований и скитаний одаренный от природы юноша познал много языков, культур, традиций, религий, глубоко постигая мировоззрение народов Средней Азии.

И теперь детство, отрочество и юность мальчика были полны не только тревог. Быть может, здесь дал завязь первый живой интерес к этнографии, фольклору, истории и искусству разных народов. Так, в скитаниях и познании мира, прошла юность казахского гения.

— **Кем были его родители?**

— Как и всякий казахский род, воспитанный на древних традициях, Турсуновы (Абеновы) бережно хранили и передавали от поколения к поколению, из уст в уста свои удивительные семейные хрони-



1-ый курс КазПИ,
июнь 1960 г.

— О своей трагедии он поведал в книге «Арт-Атмосфера Алма-Аты», и сейчас мне больно и трудно говорить об этом ужасном событии в жизни ученого, тем более что все покрыто мраком неизвестности, до конца ничего не ясно, ни в лицах, ни в конкретных фактах: была ли это автокатастрофа? Одни предположения... Случилось это в начале 1984 года. Достаточно сказать, что

лах: «Ай» (редактор М. Кожаметова) и «Дидар».

Понимая, что пережил этот великий человек, видя непреходящую ценность его работ, не-человечески проникаясь к нему сочувствием и любовью, все шли навстречу к нему. Он был согрет поистине народной любовью. Это был народный ученый.

ВТОРАЯ ЖИЗНЬ УЧЕНОГО

— **Как сложилась дальнейшая его судьба?**

Публикации нужны были ему как для защиты докторской диссертации, так и для восстановления в науке своего имени. Он героически преодолел свое забвение, неуклонно и упрямо вновь и вновь шел к свету науке. И все, кто читал его статьи, понимали, что это — невероятный труд, это — подвиг ученого, что это — сплав железной воли и пламенной мысли ученого-героя. Так началась вторая жизнь ученого, но теперь уже без глупых идеологий и жестких давлений сверху.

В 2003 году ученому своим коллегам по Институту, которые его еще хорошо знали, он подготовил к защите свою заветную диссертацию «Древние типы носителей казахского фольклора» (генезис и типология). 13 июня 2003 года он успешно защитил ее.

С этого времени доктор филологических наук Е. Турсунов из номера в номер публикует свои материалы в самых лучших журналах Алма-Аты: «ШАНАР-Культура» (куратор Л. Уразбекова), «Тамыр» (редактор А. Кодар), «Рух-Мирас» (редактор З. Наурызбаева), «Айт» (редактор А. Мухамбетова), в газетах «Новое поколение», «Казахстанская правда» и т. д.

Е. Турсунов был (и остается для нас сегодня) одним из основных участников научного Проекта МОН РК «Комплексное изучение института жырау XV-XVIII веков: статус, функции, культура, мировоззрение». В рамках проекта он успел закончить свою монографию.

Он также один из инициаторов Проекта по подготовке и изданию двухтомника «Словарь тюркской мифологии», поэтому при первой же возможности мы постарались реализовать этот проект, учитывая громадный опыт и инициативу нашего великого и скромного труженика науки.

И теперь, в силу исключительной значимости двух монографий «Генезис казахской бытовой сказки» и «Происхождение...», имеется острая необходимость в их издании на казахском языке. Необходимо также издание Полного собрания сочинений Е. Турсунова на русском, казахском и английском языках. Сейчас готовится Полное библиографическое описание трудов ученого, научная биография и поэма «Звёздная Песнь Серебристой волчицы»...

Великий ученый оставил мир 24 декабря 2016 года.

— **И в заключение ваши предложения.**

— В юбилейный год научная общагест переиздать его основные научные труды с переводом их на казахский, русский и английский языки, открыть мемориальную доску на доме, где он жил, и присвоить одной из улиц Алматы имя Едыге Турсунова или Турсуновых (отца и сына).

— **Кайрат, большое спасибо за интересное интервью!**

ГЕНЕАЛОГИЧЕСКУЮ ПАМЯТЬ

роли в формировании истоков мирового эпического искусства. Впервые после Г. Н. Потанина, исследователя середины XIX века, в науке уверенно было сказано о значимости тюркских мифологических мотивов, сюжетов и образов, лежащих в основе всемирно известных древнегреческих поэм.

70-е годы были для него наиболее плодотворными. Ученый завершил и издал капитальную

новых для фольклористики теорий.

В 2004 году нами совместно была написана поэма «Звёздная Песнь Серебристой волчицы». Отдельные ее главы публиковались в журнале «Рух-Мирас». Летом 2010 года она получила II место в конкурсе на лучшее произведение для детей и юношества.

Такие труды, как «Генезис казахской бытовой сказки», «Древние типы носителей казахского устно-

ки, легенды, сокровенные шежіре (истории родов и племен). Эта устная традиция привила мальчику любовь к слову, истории, чистым родникам народной культуры.

Носителем родной традиции, тайной свободы был и доктор педагогических наук Даригул Турсунов, отец будущего ученого, профессор одного из алма-атинских вузов. Впервые из его уст юноша услышал удивительные по красоте, запрещенные режимом стихи лучшего из поэтов начала XX века, Магжана Жумабаева, рассказы об Ахмете Байтурсунове и всей алашординской интеллигенции.

Судьба отца Едыге Турсунова тоже достойна внимания нашей общественности. Несмотря на скитания, он сумел получить хорошее образование. Но ему нельзя было заниматься ничем, кроме русского языка, чтобы не навлекать на себя излишнего внимания. К тому же он сумел защититься в Москве. Тогда же он впервые создал методику русского языка для казахов. Его труд оказал огромное влияние, и только после него в СССР вспыхнула волна исследований, подобных изысканиям Турсунова. При этом он как ученый осознал значение родного языка.

— **Однако был заметный перерыв — это видно даже по перечисленным вами научным работам. Что-то случилось с Едыге Даригуловичем в 80-ые годы?**

го творчества», стали классикой национальной науки об устном народном творчестве.

СКИТАНИЯ В ЮНОСТИ И ТРАГЕДИЯ В ЗРЕЛОСТИ

— **Что известно о семье Е.Турсунова?**

— Известно, что род Турсуновых до революции отличался очень знающими и высокообразованными людьми. Некоторые из них хорошо владели не только арабской грамотой, но и русским языком и культурой, к которым их приобщали ссыльные русские демократы XIX века.

Его дед Абен был известен сказочным богатством. Все богатство рода Турсуновых было бессмысленно уничтожено во время раскулачивания, голода и беспощадной классовой борьбы в ауле, а еще через некоторое время расстрелу подвергся и сам их аул. Спешно пришлось покинуть родной край. Бегство целого рода с родных коче-



монографию «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976) с переводом ее на русский язык для последующей защиты докторской диссертации «Происхождение древних типов носителей казахской устно-поэтической традиции».

В это же время Е.Турсунов участвовал на совместных всесоюзных конференциях. Ему открылся весь Советский Союз. Он изъездил не только Среднюю Азию, но всю страну, весь тюрко-монгольский мир. И теперь это не были годы страха, гонений и скитаний. Это были лучшие годы, годы экспедиций, встреч с выдающимися учеными, годы острых споров и дискуссий, яркая, полная научного романтизма, жизнь, всецело отданная любимому делу, изучению фольклора. Все лето, весь свой отпуск он теперь проводил в экспедициях.

Полным отражением зарождающихся новых тенденций в казахстанской фольклористике стали



В пункте 1 статьи 40 Конституции РК записано: «Президент Республики Казахстан является главой государства, его высшим должностным лицом, определяющим основные направления внутренней и внешней политики государства и представляющим Казахстан внутри страны и в международных отношениях». История президентства в Казахстане насчитывает более 30 лет. Она имеет неоднозначную оценку в стране.

социальных конфликтов и вступает одним из факторов повышения ответственности государственных служащих. Для всей системы государственной власти очень важно совершенствовать канал обратной связи по наиболее острым проблемам, волнующим большинство людей.

Однако, как показывает практика (в том числе мой многолетний и многострадальный опыт), отдельные государственные должностные лица не принимают должного

правления президента РК, я ни разу не видел по телевизору и не слышал, чтобы он принимал и выслушивал простого человека (!!!), с его проблемами и чаяниями.

Просился на прием к новому президенту Токаеву К. еще в 2019 г. до объявления им выборов и после начала предвыборной гонки. На все 5 обращений нет ответа до сих пор. Талоны при мне. Я был у доверенных лиц кандидата в президенты (у Сарсембаевой Р. Б. и др.), они обещали, что он примет. Но он не принял.

ющие нормы в соответствующие законодательные акты. В статью 45 Конституции РК предлагаю внести пункт 2 в следующей редакции: «2. Поручения Президента Республики по обращениям граждан исполняются всеми государственными органами и должностными лицами на высоком надлежащем уровне в соответствии с действующим законодательством и должный отчет об этом в Администрацию Президента Республики Казахстан строго обязателен».

Эта норма непременно повысит

шатательства и решения. Однако повсеместно многие руководители толкуют положение указанной статьи в угоду себе слишком расширительно, устанавливая дату приема только один раз в месяц, хотя в ней записано «не реже одного раза в месяц согласно графику приема». По смыслу предписания следует, что руководителю предоставляется право принимать граждан хоть ежедневно.

В связи с этим предлагается внести в пункт 1 статьи 90 Кодекса следующее изменение: заменить в тексте слова «не реже одного раза в месяц» на слова «не реже одного раза в неделю».

Предлагается также дополнить статью 90 Кодекса пунктом 4 следующего содержания: «4. Не допускается срыв графика приема граждан. В исключительных случаях переноса даты приема, заинтересованные лица извещаются об этом заблаговременно».

Кодекс имеет «пробел нормы», которая должна была регулировать механизм приема и ответа на обращения граждан руководителями частных структур. Они все должны быть в правовом поле казахстанского законодательства. Однако...

Вот живой пример, я несколько месяцев тому назад адресовал обращение на имя председателя Совета директоров холдинга VI Group. В приемной на мой вопрос, почему давно нет ответа, мне сказали: «Мы частная компания, имеем право не отвечать». Вот как!

В Кодекс следует внести также следующую новеллу: «Окончательный текст ответа заявителю в обязательном порядке подписывает субъект или должностное лицо которому конкретно адресовано обращение. Запрещается спускать обращение в нижестоящие структуры в нисходящем порядке для осуществления ими окончательного ответа и учинения подписи на нем. Не допускается пересылка обращений лицам или органам, которые уже ранее рассматривали данное обращение».

Таким образом, в том случае, когда обращение адресовано конкретному министру, акиму области, города, то есть руководителям всех рангов государственных органов, органов местного самоуправления, то каждые из них, по отдельности, должны будут по закону учинять подписи на ответе и нести персональную ответственность за его содержание. Иначе получится форменная «обезличка» ответственного за исполнение лица.

В соответствующий раздел Кодекса следует внести норму в следующей редакции: «Органы прокуратуры ведут систематический мониторинг исполнения требований настоящего Кодекса и решают вопрос привлечения к ответственности субъектов и должностных лиц, допустивших их нарушения. Результаты проверок, анализа информации и обобщений периодически публикуются в средствах массовой информации».

Пункт 2 статьи 40 Конституции гласит: «Президент Республики — символ и гарант единства народа и государственной власти, незыблемости Конституции, прав и свобод человека и гражданина». Да будет так во славу и на благо страны! Кроме всего, нам нужен внимательный к людским чаяниям и обращениям президент, который не разворует пол страны, не разбазарит, и даже если людям что-то не будет хватать — не беда, главное, он — честный.

Накипбек САДВАКАСОВ,
юрист-правовед, публицист

КАКИМ МЫ ХОТЕЛИ БЫ ВИДЕТЬ ПРЕЗИДЕНТА СТРАНЫ

Мировая история явственно и зримо показывает, что в большинстве случаев, президент, занимая высшую должность в государственной системе, со временем старается к овладению монархическими полномочиями и стремится к установлению режима неограниченной и бессрочной личной власти. За примером далеко ходить не надо. Основания и мотивы могут быть разными.

Каким образом не допустить вероятность авторитаризма в деятельности президента? Так, далеко не все зависит от президента, если он хочет установить режим личной неограниченной и бессрочной власти в стране. Опасности, которые несет с собой институт президента, могут быть нейтрализованы высоким правосознанием граждан, значительной политической культурой людей, богатым демократическим опытом общества и другими факторами.

Второе и третье десятилетия правления экс-президента Н.Назарбаева были отмечены турбулентностями в политике и экономике Казахстана. К закату правления Елбасы, в 2018 г. Всемирный банк определил экономику Казахстана как «госкапитализм» и обозначил, что темпы роста производительности снижались на протяжении последних 20 лет, а власти не имели оптимальную стратегию выправления экономики. Охватившая почти все сферы деятельности страны всеядная коррупция наносила ущерб не только обществу, но и заметно снижала эффективность государственных органов, тормозила экономическое развитие страны в целом.

В стране падал уровень жизни большинства населения на фоне безудержного роста цен на основные потребительские товары. Девальвировались понятия о справедливости, законности и правопорядка. На этом фоне ужасающий нервный шок испытали казахстанцы, связанный с трагической смертью 5-ых малолетних девочек в Астане. А в последнее десятилетие произошло несколько крупных протестов.

Очевидно, что максимально своевременное, предельно внимательное и высококомпетентное рассмотрение обращений граждан в условиях демократического и правового государства способствует подлинной реализации прав и законных интересов каждого члена общества, устанавливает надежный механизм предупреждения



исполнению законодательства об обращениях граждан.

А это вызывает обоснованное и серьезное людское недовольство, которое влечет за собой нежелательное недоверие к властным структурам, сомнения незыблемости законности, и порождает излишний поток жалоб и судебных тяжбы. К сожалению, по известным причинам, доверие людей к судебным органам также падает.

В свое время все эти наболевшие общие и острые вопросы граждан я направлял письменно на имя бывшего президента Н.Назарбаева и позднее президенту К. Токаеву. Обращений было много. На каждые из них имею талоны регистрации. Но тщетно. Ответов не дождался.

Тогда решил изложить их кратко в социальные сети (Facebook и др.).

Вот таков основной текст различных их вариантов: «Лауреат Нобелевской премии мира, пастор Мартин Лютер Кинг говорил: «Бунт — язык невыслушанных». И это верно. Более 3 лет я не могу добиться установления законности и объективной истины по очевидному факту. Идет форменная профанация всего со стороны отдельных госчиновников. И поэтому более 3 лет я много раз обращался к президенту Назарбаеву Н.А. с письменными заявлениями, а позднее, чтобы он принял меня и выслушал. Я мог бы рассказать много того, благодаря чему можно было бы избежать обострения отношений с народом. Глава государства не принял и даже не ответил.

И что характерно, за 30 лет

У казахов есть ходовое хлесткое выражение: «Өткелден өтейін...» (мол, проскочу через мост, а там все «пропади пропадом») ... и как всегда обманывают. А ведь закон обязателен для всех, и для президента РК. Я не выступал на площади, не подаю заявления в рамках закона. Все это, как видно, не действует. Мое выступление впереди. Они будут в рамках закона и мощно аргументированы. У меня свои претензии к конкретным лицам и железные правовые основания. Но кто выслушает?».

Этот мой пост люди активно поддержали.

Думается, важно по этому поводу отметить также то, что на талонах, выдаваемых приемной писем Администрации президента РК, обозначены три номера телефонов. К сожалению, по всем трем номерам телефонов никто никогда не отвечает. Для чего, спрашивается, эти призрачные номера на талонах?

Ко всему я невольно оказался также в роли вещей Кассандры. Так, за полтора месяца до январских трагических событий я направил обращение на имя президента К. Токаева, где указывал, что непомерно растут цены на товары первой необходимости, на лекарства, что людям с каждым днем все хуже и хуже. Ответа также не было. Уверен, что, если бы были приняты хоть какие-либо меры по сдерживанию цен, то трагических событий в январе 2022 г. не было бы. Жаль, и увы!

Чтобы повысить эффективность деятельности государственных служащих по обращениям граждан предлагаю внести следу-

ющую ответственность исполнителей, а ведь обращения зачастую исчезают бесследно. Это очевидно подрывает авторитет президентской власти. К слову, на мои обращения на имя новых акимов Абайской и Кызылординской областей ответа нет уже третий месяц. А эти молодые акимы должны бы показать чудеса активной деятельности в соответствии с должностными обязанностями и действующим законодательством.

К сожалению, в связи с принятием Административного кодекса РК (далее — Кодекс) от 29 июня 2020 г., Закон РК «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц» утратил силу. Закон был более конкретен, доступен и понятен широкому кругу пользователей. В Законе были широко охвачены все обстоятельства по вопросам обращений физических и юридических лиц.

Вернемся к действующему нормативному акту. Так, статья 90 Кодекса гласит: «1. Руководители государственных органов, органов местного самоуправления и их заместители обязаны проводить личный прием граждан и представителей юридических лиц, в том числе работников этих органов, не реже одного раза в месяц согласно графику приема, утверждаемому руководителем соответствующего государственного органа».

Однако если гражданин или представитель юридического лица просится на личный прием к руководителю, то наверняка у него проблема действительно «горит», что требует немедленного вме-

**2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ
ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!**

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



**2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ
ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!**

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
САЙЛАУЫНДА САЙЛАУ УЧАСКЕСІНДЕ
ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ**

Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында дауыс беру тәртібі
Сайлау учаскесінде осы учаскенің тізіміне енгізілген азаматтар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар дауыс бере алады
Әр сайлаушы жеке өзі дауыс береді
Сайлау бюллетенін сайлау комиссиясының мүшесі жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде береді
Азамат сайлау бюллетеньдерін жасырын дауыс беруге арналған кабиналарда толтырады, өзі дауыс беретін кандидат тегінің оң жағындағы бос шаршының ішіне белгі қояды. Немесе «Бәріне қарсымын» жолындағы шаршыға
Бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы
Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: 1) сайлау комиссиясының мүшесі; 2) жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы; 3) кандидаттың сенім білдірген адамы; 4) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі; 5) тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.
Толтырылған бюллетеньдерді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

**ПОРЯДОК ГОЛОСОВАНИЯ НА ВЫБОРАХ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НА ИЗБИРАТЕЛЬНОМ УЧАСТКЕ**

Порядок голосования на выборах Президента Республики Казахстан
На избирательном участке могут проголосовать граждане, включенные в список данного участка, а также лица, предъявившие открепительные удостоверения
Каждый избиратель голосует лично
Избирательный бюллетень выдается членом избирательной комиссии при предъявлении документа, удостоверяющего личность
Гражданин заполняет избирательный бюллетень в кабине для тайного голосования, где ставит отметку в пустом квадрате справа от фамилии кандидата, за которого он голосует. Либо в квадрате в строке «Против всех»
Избиратель, не имеющий возможности самостоятельно заполнить бюллетень, вправе воспользоваться помощью лица, которому он доверяет
Этим лицом не может быть: 1) член избирательной комиссии; 2) должностное лицо местного представительного или исполнительного органа; 3) доверенное лицо кандидата; 4) представитель средств массовой информации; 5) наблюдатель, зарегистрированный в соответствующей избирательной комиссии.
Заполненный бюллетень опускается избирателем в урну для голосования.

ҚОШ БОЛ, ҚАЗАҚ САТИРАСЫНЫҢ САРДАРЫ!

Қазақ әдебиеті ауыр қазаға ұшырады. Қазақ сатирасының саңлағы, белгілі қаламгер Көпен Әмірбек біршама уақытқа созылған дауасыз дерттен кейін жетпіс үш жасқа қараған шағында өмірден өтті. «Көпен Әмірбек қайтыс болды!» деген жай түскендей жаман хабардан ес жия алмай, әлі есеңгіреп отырмай. Қазақ сатирасының сайыпқыртан сардарына айырылды! Алты Алашқа, ел-жұртқа, отбасына, туған-туыстарына көңіл айтамын. Қош, қаламдас, Бақұл бол!» деп жазды Facebook әлеуметтік желісінде Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет осы қайғылы оқиғаға орай.

Көпен Әмірбек 1950 жылы 29 наурызда Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысының Қызылқұм (Отырар) ауданында туған. 1973 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Университеттен кейін екі жыл Қызыр Шығыста кеңес армиясы қатарында офицер болып қызмет атқарып, елге 1975 жылы оралды. Сол уақыттан бастап саяси-сатиралық «Ара-Шмель» журналында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактор баспалдағымен жүріп өтті, мұның арасында ғылыми-техникалық «Білім және еңбек» журналында жауапты хатшы, «Қазақ әдебиеті» газетінде сатира және юмор бөлімінің меңгерушісі, «Егемен Қазақстан» газетінде фельетон бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеді, Бас прокуратура мен Жоғарғы сотта баспасөз хатшысы, Қазақ радиосында бас редактор лауазымдарын атқарды. Тағы бірқатар жылдар саяси-қоғамдық сатиралық «Ара.kz» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы сатира кеңесінің төрағасы болды.

Көпен Әмірбек 1978 жылы Мәскеуде, 1980 жылы Ташкентте өткен Бүкілодақтық жас сатириктер конкурстарында лауреат атанды. Соның нәтижесінде сатиралық әңгімелері «Правда» газетінің баспасынан шыққан «Надейся и жди», «Крохотные звезды» атты ұжымдық жинақтарда жарияланды. Оның қаламынан туған әзіл-сықақ туындылары әр жылдары «Аты жоқ кітап», «Алып», «Тілім қышып барады», «Қысыр әңгіме», «Ауызбастырық», «Мың бір мысал», «Неменене жетісіп күлесің?», «Өзіңді танысың ба?», «Сайдағы қойшыдан сарайдағы патшаға дейін», «Па, шіркін пародия!» секілді жинақтар болып жарыққа шықты. Кезінде «Қымызхана», «Тамаша» ойын-сауық отауларының белсенді авторларының бірі болды. Өзі құрған «Көпен келе жатыр!» әзіл-сықақ, пародия театрымен де көрерменге кеңінен танылды.

Көпен Әмірбек осы жылдардағы елеулі еңбегі арқасында Президент гранты мен «Парасат» орденінің, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды.

Қош бол, сатира сардары, қайратты қаламгер, абзал азамат, ардақты аға-дос!



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КӨПЕН ӘМІРБЕКТІҢ ОТБАСЫНА КӨҢІЛ АЙТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті публицист, белгілі сатирик, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Көпен Әмірбектің дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Көпен Әмірбекұлы бірқатар республикалық басылымдарда ұзақ жылдар бойы жемісті жұмыс істеді. Ұлттық сатира жанрының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Сонына әдеби мол мұра қалдырған Көпен Әмірбекұлының есімі ұмытылмайды. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын», — деп жазылған жеделхатта.

СӘБИ КӨҢІЛ КӨКЕМ-АУ...

*Бозала таңмен алысып,
Бозжырада жүргенде...
Бекет пірге сивндым,
Болғаннан соң іргемде.*

*Көкем келіп қалар деп,
Көпен келіп қалар деп,
Елегізіп жүргенде,
Көпен кетіп қалыпты.*

*Жылатып тағы халықты.
Кұлмейтіндер көбейіп,
Әлде, содан жалықты...
Көпен кетіп қалыпты...*

*Тазалаумен жүруші ең,
Көңіл деген арықты.
Сәби көңіл көкем-ау,
Көңілің неден тарықты!?*

*Қалай ғана қидыңыз,
Мынау дүние-жарықты?..
Не айтуға болады,
Көкем кетіп қалыпты, —
Көпен кетіп қалыпты...*

...«Қара қыз» фильмінің соңғы кадрларын Бозжырада түсіріп жүрміз. Кеше Ұлықбек досым: «Көпеннен

айырылып қалдық», — деген... Оның үстіне, телефон бірде істесе, бірде істемейді.

Түнімен дұрыс ұйықтай алмады. Алдыңғы екі күн таңғы: 4.30-да тұрсақ та, түнімен дөңбекшіп шықтым. Не Көпен көкемнің кабіріне бір уыс топырақ сала алмағаным өкіндім. Содан, ойыма құйылған 2-3 шумакты қағазға түсірдім.

Осы жазда ғана, 12-ші шілдеде мені Алматының

іргесінде «Көкжайлау» деген жерден іздеп келіп, Жұмабай Шаштайұлымен бірге Дархан Мыңбайдың ағасы Әмірхан үшеуі келіп, түн ортасы ауғанша отырған еді. Сонда, қоштасуға келгені ме екен?! Алла алдынан жарылқасын!

Талғат ТЕМЕНОВ

КӨПЕН КЕТІП БАРАДЫ!..

Қайран Көпен көкем-ай! «Көпен келе жатыр» деп, елдің бәрін күлдіріп жүретін сатира сардары еді, енді елдің бәрін жылатып, Көпен кетіп барады!

Жалған дүние деген осы! Алла алдыңыздан жарылқасын «Биыл алпыстың асқарына шығып жатыр екенсің» деп көктемде туған күнімде ауызашарға келіп құттықтап, елдің бәрін әзіл-қалжынымен күлдіріп кетіп еді. «Елге өзіңіз бастап барасыз ғой енді. Елу жасымыздағыдай Мұқтар, Дұлат, Исраиллы, Темірхан көкелеп шалға Шардара, Бұрыш жүре алмайды» дегенімде: «Әрине, өзім бастап барамын ғой!» — деп еді. Қазан айының басында елге барарда тағы хабарласқанымда, «Қазір шамам жоқ, аман-есен барып келе беріңдер, кейін астанадағысына қатысамын ғой!» — деп еді.

Елге барып келгесін өзі телефон соғып, «Баспасөзден көріп, оқып жатырмын, дүрілдетіп өткізіп келіңіздер, құтты болсын!» деп хабарласқанда дауысының әлсіздігі байқалып тұрды.

Президенттің іс басқармасының ауруханасында жатқанда «кіріп шығайық» дегенде: «Рахмет, кіргізбейді. Көңілдерінді білем ғой, аман болайық» — деген еді.

Сонғы рет өткен аптада Алтынбай Мұса екеуміз хабарласып, «кіріп шығайық» дегенде, телефонды жеңгей алды. «Бүгін кешке дейін система алады. Басқа күні хабарласыңдар ғой. Халы жаман емес» — деген болатын.

Енді міне, суық жаман қарықшы қайыстарып кетті. Сонғы бір-екі жылда барлық шығармаларын жиыстырып, кітап етіп шығарып еді, білгендей-ақ екен ғой. Қолжазбалаларын жинап, архивін актарып жүріп, менің Көпен 60 жасқа толған тойында Отырарда сол жерде бірден жазып, оқыған, өзіне тапсыра салған, содан он жылдай таппай жүрген арнау өлеңімді тауып алып, маған қуана хабарласып еді, «керемет жыр екен ғой, кітабыма қосатын болды» — деп...

Мен Парламентке келгеннен, балақтан тартушылар қаптап кеткенде ағалығын көрсетіп, қорғап сөйлеп, бірнеше мақала жазып еді. Мемлекеттік тілдің ауыр жағдайын «Жүз жылдық соғыс» атты мақаласында жүз жылдан бері мемлекеттік тілін төріне шығара алмай келе жатқан қазақ билігін ашы сарказммен, өткір тілмен түйреп еді.

Көпен көкем қай кезде де шындықты шырықратып айтып келді. Көпеннің тіліп түсетін алмас қылыштай өткір сатирасына күліп отырып, күрсініп те қалатынымыз сол, сыңға құрылған сықақтың түбінде ашы запыран мен зары бар елдің шерлі мәселесі жатар еді...

Көпен Әмірбек көкеміз 70 жасын тойлайтын кезде 2020 жылы пандемия дейтін пәлекет басталып кетті. Қасқа мен жайсанды қынадай қырған ол қырғыннан аман өткен еді... Биыл 7 қазанға Шымкент арнайы шақырғанда осы жаман кеселдің кесірінен бара алмай қалды. Тек осы күздің басында, қыркүйек айында Ақтөбе облысының шақыруымен бір топ қаламгермен бірге елмен жүздесіп келді. Соңғы демін жинап елмен кездесуі екен ғой бұл. Бой жазғаны болар...

Шүкір Шахай мен інісі Ерсұлтанның айтуынша Көпенді бүгін елге алып кетеді. Осы жұма күні қасиетті Арыстан бапта жаназасы шығарылып, сонда жерленеді.

Пейіште рухыңыз шалқи бергей, Көпен көке!

Отбасына, жеңгейге, балаларына, Базарбек, Ерсұлтан бауырларының қайғысын бөлісіп, көңіл айтамыз! Бекем болыңдар!

Көпен сендердің ғана ағаларың емес, бәріміздің ағамыз, Ел ағасы еді! Туған-туыстарына, жалпы Қазақ халқына көңіл айтамыз! Ел көрнекті Көпенін ешқашан ұмытпайды! Бақұл болыңыз, Көпен көке!

Қазыбек ИСА

КӨПЕН ҚАЙТТЫ — СӨЗ СЕМСЕРДІҢ СУЫ ҚАЙТТЫ

«Көпен келе жатыр» десе Түстік жақтан — Түркістан жақтан керуен келе жатқандай сезілетін. Әлде бір әлем-жәлем көш, әзіл көші ме, ән көші ме, көз алдында сондай бір жарнама ролигі айнала бастағандай елестейтін. Өзі де «менің жарнама мықты» деп, бетіне қарап тұратын. Жүзінен бе, көзінен бе, әлде езуінен бе, күлкі мен кекесіннің аралас бір бейнесі байқалатын. Онымен сұхбатта болсаң артық қылық жасамауды ойлап, сөзіңнің шынайылығы көңіліңнің тазалығын білдіргенін қанағалап отырарсың. Сөздері тосын, өткір. Қылт еткенді қиып түсер еді.

Көпенмен 1990 жылдары танысыппыз. «Жас алашта» тілші едім. Гәзеттің «Қожанасір қоржыны» деген қосымшасы болатын. Ол

маған арнайы бұрылып, келген жағымды сұрап, көңіл бөле сөйлесіп еді.

Заманбектің әкім кезі. Көпенді қабылдамай, дөрекі сөйлепті.

«Басымда бақ бар. Астымда әжептәуір тақ бар.

Тантын жақсылар қаланың мәрі дейді. Танымайтын жамандар Мақпал Жүнісованың ері дейді» — деп таудай Зәкенді түйреп салатыны сол кез. Сонда Көпен көкем қырық жастарда екен ғой. Осы жазда Алматыда Ғалымжан Мелдеш бауырының келін түсірген тойында жолығып сәлем бергенмін. Жүзі жасыңқы көрінді...

Бір ай бұрын біраз үлкенді-кішілі ақын-

жазушылар Ақтөбеде екі-үш күн бірге болдық. Ақтөбе облысы Қазақстан Жазушылар одағымен бірлесіп ұйымдастырған «Әдебиет, Рух, Қоғам» деп аталатын ауқымды жобада Көпен ағаға Сатира номинациясының сыйлығын берген. Енді ойласам сыйлап үлгерген екен. Кеудесіндегі төсбелгі — сол.

Бұл жолы жүдеу екен. Бірақ алдыңғы жолығдан рухты, дауысы жарқын, әлденеге қайрат қылып, қарысып жүргені байқалды. Кездесулерде ұзақ толғап, күлдіре сөйлеп, Махамбеттің өлеңін оқып тебіренді. Отырған аға-інілерінің алдында аңқылдап, ашық-жарқын еркін жүрді.

Мен Көпенге жақын отырып, көңіл бөліп, інілік ізет көрсетіп, сөзге тартуға

икемделдім. Селфи жасай беретін әдетім жоқ еді. Бұл жолы Көпенмен және Илья ағамен селфи жасадым. Көкем маған ықыласы ауып, шабыт берер әңгімелер айтты.

Көпен қазаққа біткен семсер сөздің жүзін сақтар суы еді. Семсер суы еді.

Кешелі-бері күллі қазақ даласы Көпенін айтып, ауыр күрсінеді. Күн шығыс Алтайда Қалқаман Сарин інім ағасын қазақша жоқтапты. Ақын төгіліпті — Ертіс егіліпті. Жоқтау жылатады ғой. Сөйтіп іштегі мұңды жаспен жуады. Жоқтауға қосылып біз де жылап алдық.

Көпен қайтты — сөз семсердің суы қайтты.

Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Судья: - Айыпталушы, сіздің айлығыңыз бар-жоғы 100 мың теңге екен. Тұратын үйіңіздің құны – 10 миллион доллар. Мұнда ақшаны қайдан алдыңыз?
Күдікті: - Сот мырза, ойлануға мұрсат беріңізші!
Судья: - Жеті жыл жете ме?..

«Мен сенен шаршадым! Қош бол! Мені ұмыт!» деп айттым да, есікті жауып кетіп қалдым. Сәлден соң «Тарс» өткен қатты жұбыс қойды. «Өзіне қол жұмсап қойды ма екен?» деген уайыммен есікті ашып қалсам, «Шампанское» ашып, менің кеткенімді жуып отыр оңбаған!

Баяғыда ерлі зайыптылар кешкі асын ішіп отырыпты. Сөйтсе, әйелі тамағын сорптап ішіп отыр екен. Оған жыны қасыеуі әйелінің басын қасықпен бір ұрыпты. Әйелі:
- Не боп қалды? - десе, күйеуі:
- Сорптамай жөндеп іш! - деген екен.



Әйелі енді сорптамай жайлап ішіп отырса, күйеуі басынан тағы бір ұрған ғой. Әйелі:
- Тағы не болды?! - десе, күйеуі:
- Жаңағы сорпаны сорптап ішіп отырғаның есіме түссе жаман жыным келеді! - деген екен.

Купеде немересімен бірге келген кемпір:
- Көкесі, сен тіл алмайтын, тамақ ішпейтін балаларға укол саласың ғой, иә? - деді.
- Қуасыз ба, әпше?! - деп едім, Шымкентке жеткенше ләм-мим деген жоқ.

Жаңесталықтардан:
«Өзбекстанның бір ауылы жер сілкінісінен қатты зардап шегіп, көптеген ұй қирап қалған. Қазақстан тарапы ол жаққа қажетті азық-түлік пен құрылыс материалдарын және құрылыс жүргізуге 500 өзбек жіберді».

Өмірдің заңдылығы:
«Егер бірдеңе көтерілсең, достарың сенің кім екеніңді біледі, ал құлдырап кетсең, сен достарыңның кім екенін білесің».


№45 санды шыққан сөзжұмбақтың жауабы



Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

Ұйқысыздық пен ұйқының қанбауы денсаулыққа қалай әсер етеді?

Ресейлік дәрігер Наталья Кидиекова ұйқысыздық пен ұзақ уақыт ұйқының қанбауынан қант диабеті, инсульт және басқа да созылмалы аурулар пайда болуы мүмкін екенін ескертті.



Дәрігердің айтуынша, ұйқы кезінде адамның денсаулығы мен психикасы қалпына келеді. Түнгі ұйқының жетіспеуінен ағзаның жұмысы бұзылады. Егер адам бір күн ғана ұйықтамаса, қорқынышты ештеңе болмайды, тек күні бойы шаршау мен ұйқышылдық болуы мүмкін, бірақ психикалық функциялар тиісті деңгейде қалады.

«Бір күн ұйықтамаған адамда тек физикалық көрсеткіштер төмендейді, бұл концентрацияға, белгілі бір тапсырмалардың ұзақтығына жанама әсер етуі мүмкін», - дейді Кидиекова.

Егер адам үнемі ұйықтамаса, ұйқысы қанбаса денсаулығына байланысты елеулі проблемалар туындайды.

Еңбекке қабілеттіліктің нашарлауынан жалпы өмір сапасы төмендейді.

«Зерттеулерге сәйкес, ұйқының

бұзылуынан жиі кездесетін белгілердің бірі депрессияға түсу, жүрек жеткіліксіздігі. Мұндай белгіне байқаған адам дереу тиісті тексеруден өтуі қажет», - дейді дәрігер.

Оның айтуынша, бес сағаттан аз ұйықтау созылмалы ауру қаупін 50 жастағы адамдарда 30 пайызға, ал 70 жастағыларда 40 пайызға арттырады.

«Сондай-ақ, біз қант диабеті, қатерлі ісік, жүректің ишемиялық ауруы, инсульт, жүрек жеткіліксіздігі, созылмалы обструктивті өкпе ауруы, созылмалы бүйрек ауруы, бауыр ауруы, депрессия, деменция, психикалық бұзылулар, паркинсон ауруы және артрит сияқты аурулардың қаупі туралы айтпай отырмыз», - деп түсіндіреді дәрігер.

Кидиекова созылмалы ұйқысыздық медициналық емдеуді қажет ететінін атап өтті.

Елордада «Қызжылаған» спектаклінің премьерасы өтті. Спектакль «Қанаттылар» инклюзивті театрының ІІ театр маусымын ашты. «Қазақстан халқына» қоры ерекше жандар театрына қолдау білдіріп, қайырымдылық көмек көрсетті.

«ҚАНАТТЫЛАР» ИНКЛЮЗИВТІ ТЕАТРЫ ЕКІНШІ МАУСИМЫН АШТЫ



Драматург-жазушы Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» пьесасы бойынша сахналанған «Қызжылаған» спектаклі Қуанышбаев академиялық Қазак Мемлекеттік академиялық музыкалық-драма театрында қойылды. Спектакль режиссері – Абзалбек Максим.

жарылыстың салдарын, Ләйлә сияқты өмір бойы баланың бейнесінде қалған қыздың тағдырын көрсету. Көрермендерге ядролық апаттың салдары ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ғаруқтандардың туып жатқанын, халықтың зардап шеккенін анық көрсетіп, ой салады. Жаратушы қолдап, жақындарымыз бен мемлекеттің көмегіне, «Қазақстан халқына» қоры сияқты серіктестеріміздің жәрдеміне алғыс білдіремін. Өнерді түсінетін және қолдайтын азаматтардың бар екеніне ризамын», – деді «Active Life» мүгедектер қоғамдық ұйымының жетекшісі, «Қанаттылар» театрының директоры Арнұр Ысқақов.

Спектакль Семей полигонының құрбаны болған мүгедек қыздың тағдырына негізделді. Басты рөлді талантты параспортшы және актриса Малика Мұқтарова сомдады.

«Бұл спектакльдің және жалпы театрымыздың басты мақсаты дені сау адамдарға өмірдің қаншалықты құнды екенін көрсету, себебі ерекше адамдар үшін бұл бірінші зекетте мотивация. Қойылымның мәні Семей қаласындағы ядролық

«Қазақстан халқына» қоры мүгедек адамдар мен балаларға бейімделуге және оналтудан өтуге

көмектесетін әлеуметтік маңызы бар медициналық және білім беру бағдарламалары мен жобаларын дамытуда. Жобаның әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, Қор сахналық декорацияларды сатып алуға және костюм тігуге, сондай-ақ спектакльді аудиовизуалды безендіруге және мультимедиялық сүйемелдеуге қайырымдылық көмек көрсетті. Бұл мақсатқа Қор 14 миллион теңге бөлді.

Естеріңізге сала кетейік, Орталық Азиядағы алғашқы «Қанаттылар» инклюзивті театры 2021 жылы Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ашылды. Театрдың мақсаты – мүгедек адамдардың дарынын дамыту, сахнада олардың шығармашылық әлеуетін ілгерілету, жаңа мүмкіндіктерді іске асыру, тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету, өмір мен өнерге деген құштарлығын арттыру. Қазіргі уақытта театрда тұрақты түрде 30-дан астам адам жұмыс істейді. Театр ұжымының басым көпшілігі ерекше қажеттіліктері бар актерлер.

qazaquni.kz

■ IS-SHARA

«БАЛАЛАР ӘЛЕМІ» БАЙҚАУЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Астананың Оқушылар сарайында «Балалар әлемі» республикалық балалар оқулары байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Іс-шараны Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қолдауымен Қазақстандық қоғамдық даму институты ұйымдастырды.



Байқаудың мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, қазақ және шетел әдебиетін, ақын-жазушылардың шығармаларын терең зерттеуге тарту, өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру.

Байқауға еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 3-10 сынып оқушыларынан 97 мыңнан астам бала қатысты. Олар аудандық/қалалық, облыстық іріктеулерден өтті. Байқауға қатысушылар 4 санат бойынша бақ сынады:

«Ертегілер әлемінде» тақырыбында бастауыш 3-4 сынып оқушыларына арналған кітаптар («Қазақ ертегілері» және «Алпамыс батыр»);

«Кел, балалар, оқылық!» тақырыбы 5-6 орта сыныптағы оқушыларға арналған кітаптар («Мен – апамның баласымын» және «Ағайынды Гриммдер ертегілері» атты);

«Ғасырлар тарихты жырлайды» тақырыбы 7-8 сыныптағы жасөспірім балаларға арналған

кітаптар («Ұшқан ұя» және «Гулливердің саяхаты»);

«Ұлы Дала эпостары» және «Ұлы Даланың даңқы» тақырыбы 9-10 жоғары сынып оқушыларына арналған кітаптар (І. Есенберлин «Көшпенділер. Алмас қылыш» және Даниэль Дефо «Робинзон Крузо»).

Облыстық турлардың 80 жеңімпазы 2022 жылдың 2 қарашасында байқаудың ақтық сайысына қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарды салтанатты марапаттау рәсіміне Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі, Парламент депутаттары, Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдері, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар мен журналистер қатысты.

Іс-шараға қатысушыларды құттықтап Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыров сөз сөйледі.

Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыров, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Сауытбек Абдраманов мен Аманжол Әлтай, Қазақстандағы ЮНИСЕФ басшысының кеңесшісі Бағдат Құлназаров, ҚР Жазушылар одағының мүшелері, ақын-жазушылар Серік Негимов, Шархан Қазығұл, Дихан Қамзабекұлы, Қуаныш Жиенбай және Роза Мұқанова тиісті номинациялар бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерді бағалап сыйлықтармен марапаттады.

Салтанатты рәсім барысында ең белсенді қатысушыларға алғыс хаттары мен Marwin сертификаттары табысталды.

Қатысушылардың құрметіне арналып концерт өткізілді.

qazaquni.kz

■ HAVARLANDYRŪ

«STRATEGY CONSULTANTS INS» ЖШС өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қазақстан, Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Лесная поляна шағынауданы, 33 үй, 33 пәтер, пошта индексі 020000, мекенжайы бойынша қабылданады.

«Service ADVISORY LTD» ЖШС өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қазақстан, Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Лесная поляна шағынауданы, 33 үй, 33 пәтер, пошта индексі 020000, мекенжайы бойынша қабылданады.

■ OBIAVLENIE

Организация «TOO Advanced Services» БИН «180340036630» (юридический адрес: г.Астана, ул Куйши Дина, д. 31, кв. 316) сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования объявления по адресу г.Астана, ул Куйши Дина, д. 31, кв. 316. **Телефон – 8 775 793 29 46**

Организация ТОО «Janel Health Beauty », БИН «190840002207» (г.Алматы, Алмалинский район, улица Гоголя, дом 117, кв. 20, почтовый индекс А05D0A0) сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования объявления по адресу г.Алматы, Алмалинский район, улица Гоголя, дом 117, кв. 20, почтовый индекс А05D0A0. **Телефон - 87076512124.**

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	429,24	3 ай	қала	1287,72	6 ай	қала	2575,44	12 ай	қала	5150,88
1 ай	ауыл/аудан	447,86	3 ай	ауыл/аудан	1343,58	6 ай	ауыл/аудан	2687,16	12 ай	ауыл/аудан	5374,32

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Түркістан облысы:
Әбдіғалпайр АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШИМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасулан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мүтін ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш»
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01.08.2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт. Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –
Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ2508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ